

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 201 (9519) || 1954 жылғы 9 октябрь Сенбі || Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

Мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленейік

Мал қыстату мерзімінің басталуына екі уақыт қалған жоқ. Мұның өзі колхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірленуін керек етеді. Демек, мал қыстату маусымы басталғанға дейін оған әзірлікті тез жүргізіп, толық аяқтамайынша мал шаруашылығын өркендету жөніндегі міндеттерді табысты шешуге болмайды. Мұны жете түсінген колхоздар мен МТС, совхоздардың басшылары мал қыстатуға әзірлікті ойдарыдай жүргізіп келеді.

Қоғамдық малды құнарлы азық, жайлы қормен қамтамасыз етуде Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозы өлеуір жұмыс істеді. Бұл колхозда ірі сабақты мал азығын дайындау жоспары 15 августқа дейін толық орындалды. 31 мың қоймен шөп маяға салынды, оның көбі мал қораларына тасылды. Мыңдаған центнер мал азығы сүрленді, көзір егін алаңындағы сабан мен топанды жыйнау жасау тасу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

Колхоз председатели П. Степанов, партия ұйымының секретары С. Балахонцев, агроном П. Шокатов, сыйыр фермасының меңгерушісі П. Брюханов жолдастар қоғамдық малды құнарлы азықпен қамтамасыз етумен қатар оны жылы, жайлы, кең қоралармен де қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөліп, бұл іске барлық колхозшыларды жұмылдырды. Мұнда арнаулы құрылыс бригадасы бар. Оны тәжірибелі колхозшы Г. Баранов жолдас басқарады. Құрылысшылар бригадасы 200 бузау орналасатын жаңа стандартты қораның құрылысын аяқтауға жұмыс жасауда. Онымен бірге мал қыстату маусымы басталғанша 150 сыйыр және 1600 қой орналасатын қоралардың құрылысын аяқтау үшін күресуде.

Бонхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозы мен Чистов астық совхозының мал өсірушілері де мал қыстатуға әзірлік жұмысын күте қолға алды. Осының нәтижесінде бұларда мал қыстатуға әзірлік ойдарыдай аяқталып келеді. Ескі қоралар жөндеуден толық өткізілді, жаңадан бірнеше қоралар салынды. Әсіресе Чистов совхозында мал шаруашылығындағы жұмыстарды механизацияландыру кең өріс алуда. Аталған колхоз бен совхозда мал азық-түйеңін жеткілікті мөлшерде дайындау жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

рын дайындауда да елеулі кемшіліктер бар. Көп колхоздарда мал қораларын жөндеу, жаңадан салу жұмыстары әлі күнге аяқталған жоқ. Мал азығын қыстаулар жанына тасу ісі мейлінше нашар ұйымдастырылған.

Приешім ауданының Ворошилов атындағы колхозында жемшөп дайындау жоспары небары 35 процент орындалған, ал шөп сүрлеу жоспарының жартысы да орындалған жоқ. Бірақ бұған колхоз председатели Белоус жолдас қысқылмайтын көрінеді. Өйткені ол бұл жұмысқа шын мәнінде басшылық етіп жүрген жоқ. Сол себептен колхоздың бірсыпыра жемшөбі кезінде жыйнамай, жауынға тиіп шіріп кеткен. Ауданның колхоздарындағы болып отырған осындай фактілерді аудандық партия комитетінің бірінші секретары Соболев, аудандық Совет атқомннің председатели Сәрсенбаев жолдастар жақсы біледі. Бірақ олар сол кемшіліктерді жою жөнінде колхоздар мен МТС, совхоздарға нақтылы басшылық ете алмай жүр.

Мал қыстатуға әзірлік жұмысына біржақтылықпен қарауға болмайды. Бұл жұмыстың алуан түрлері бар. Ол колхоздар мен совхоздарда 1954—1955 жылдары мал қыстатуға әзірлену және оны өткізу туралы Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің жақында қабылдаған қарарында айқын белгіленді. Жергілікті партия, совет ұйымдары және шаруашылық орындары бұл қарарды әрбір фермадағы мал өсірушілерге жете түсіндіре білулері керек. Сөйтіп мал қыстатуға әзірлікті тез және толық аяқтап шығуға барлық мал өсірушілерді жұмылдыра білулері қажет.

Мал қыстатуға әзірліктегі басты мәселелер: қоғамдық малға керекті жемшөп қорын толық және артығымен жасау, мал қораларын жөндеу және жаңадан салу, дайындалған азықты қыстаулар қасына тасып алу, фермаларды тұрақты кадрлармен толықтыру, кадрлардың тұрмыстық қажетін барынша толық өтеу, оларды азықпен, киіммен қамтамасыз ету. Бұл міндеттерді орындау үшін аудан, колхоз, МТС, совхоз басшыларына, сонымен бірге сауда орындарының басшыларына да зор міндеттер жүктеледі. Олар өздерінің барлық жұмыстарын мал өсірушілердің мүд-

Октябрь мерекесі
алдындағы жарыс

КӨТЕРІНГІ МІНДЕТТЕМЕ

«Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі Алматы аяқкиім фабрикасының қызметшілері мен жұмысшыларының Октябрдің 37 жылдығы қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге жөніндегі бастамаларын бірауыздан қосып, фабрикада барлық цехтар мен жекеленген адамдардың социалистік жарысқа ұшасуын қамтамасыз етті. Фабрика коллективі мереке қарсаңындағы жарысқа ұштасып, октябрь айының жоспарын 105,8 процент орындауға, жоспардан тыс 200 мың сомның өнімін беруге, 150 текшеметр материал үнемдеуге, өнімнің өзіндік құнын 0,1 процент кемітуге, мерекеге дейін жаңа көйлектердің үш фасонын шығаруға міндеттенді.

Тігін фабрикасында мінсіз өнім шығаратын озат бригадалар оңдап саналады. Солардың бірі—жас мастер В. Ногай басқаратын бригаданың коллективі. Ногай бйылғы ғана Семейдегі тоқыма өнеркәсібі техникумын бітіріп, бірінші жыл жұмыс істейді. Ол қысқа мерзім ішінде тігіншілік мамандығын ойдағыдай меңгеріп, мастер болды. Ногай басқаратын тігіншілер бригадасы күнне норма бойынша 130 шалбардың орнына, 180-200 шалбар тігеді. Сол сыяқты, Анастасия Михайленко жолдасының бригадасы да күн сайын 256 фуфайканың орнына 280-300 фуфайка тігуге жетіседі.

Цехаралық социалистік жарыста № 1 цех алда келеді. Цехтың бастығы В. Денисова жолдас жұмысты үлгілі ұйымдастыру арқылы барлық тігіншілердің сменалық, айлық, тоқсандық нормаларын үнемі уақытында және асыра орындауына жетісуде. Көзір цехтың тігіншілері партияның шақыруы бойынша облысымызға келіп, тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан патриоттар үшін қысқы киімдер тігуде. Цех айлық жоспарды үнемі 130-135 процент орындап, фабриканың ауыспалы қызыл туын жеңіп алды.


Фабриканың кәсіподақ комитеті озат тігіншілердің тәжірибесін қабырға газеттері, жауынгерлік листовкалар арқылы насихаттап, оларды көпшіліктің игілігіне айналдырып отырады. Әрбір онкүн сайын жекеленген тігіншілер арасындағы социалистік жарыстың қорығындығы шығарылып, онда жаңа озаттардың үлгілері

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
ОКТАБРЬ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДАҒЫ ЖАРЫС: А. Незнаева.—Көтеріңкі міндеттеме (1-бет).
КЕЗІНДЕ, САПАЛЫ ЖЫРТЫЛҒАН ЗЯБЬ—МОЛ ӨНІМНІҢ НЕГІЗІ: Б. Бақаев, А. Ескендіров.—Зябь жырту қарқыны күшейтілсін (1-бет).
А. Боранбаев.—Қыс күндері қамыстан мал қораларын салу (1-бет).
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: Д. Әуелбеков.—Цех партия ұйымының игілікті ісі М. Батыров.—Коммунистер Кравченконы неге сайламады (2-бет).

БҮЙЛӨДАҚТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТӘЖРИБЕСІ: Біз барлық сауын сыйырлардың жоғары өнімділігіне қалай жетіп отырмыз (2-бет).
АГРОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕС: В. Сухомлинова.—Қарпты сақтау жолдары (3-бет).
А. Метель.—Қарпты ысырапсыз жыйнауадымыз. (3-бет).
Н. Кашляк.—Жайбарақаттықтың салдарынан (3-бет).
С. Төлегенов.—Колхоз клубында (3-бет).
Орта Азия мен Қазақстан республикаларының спартакиадасы (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Кезінде, сапалы жыртылған зябь—мол өнімнің негізі



СУРЕТТЕ: 1. Торангүл МТС-і жұмысшылар комитетінің председатели И. Казанов жолдас (оң жақта) МТС-тің озат тракторшыларының бірі—А. Тимошенко зябь жыртуда үздік шыққаны үшін оның тракторына үшінші жүлдізшаны салып тұр. Сол жақта трактор бригадасының бригадирі И. Черунов. 2. Маленков атындағы жаңадан ұйымдастырылған астық совхозының озат тіркеушісі комсомолка Нина Николаенчук өзіне жүктелген міндетті оңдағыдай орындайды. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Зябь жырту қарқыны күшейтілсін

Ленин ауданының колхоздары үгіміз дегі жылы 85 мың гектар зябь жыртуы керек. Бұл міндетті орындауға ауданның колхоздары мен МТС-терінде мүмкіншілік мол. МТС-тер техника күшімен және маған кадрлармен толықтырылған. Көзір ауа райы зябь жыртуды күні-түні жүргізуге мүмкіншілік береді. Жекеленген бригадалар бұл мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, зябьті көптеп жыртуда.

Бұл жөнінде Образцовая МТС-нің Попов жолдас басқаратын трактор бригадасын мысалға алуға болады. Механизаторлар Улы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі құрметіндегі

тұда небары 8,5 процент ғана өсім берді. Егер бұл МТС-те зябь жырту осы қарқын мен жүргізілсе, онда жоспардың орындалуына әлі де бес бескүндік керек. Мұндай кемшіліктің орын алуы тракторлардың зябь жыртуға толық қатыстырылмай келе жатқандығынан болып отыр. Образцовая МТС-нің ұсадыбасында 16 доңғалақты және 3 шыңжыр табанды тракторлар тұр. Бұл тракторлардың ауыл шаруашылық жұмыстарына қатыспағанына бірсыпыра уақыт өткен. Тракторлардың босқа тұруын МТС директоры Корнев жолдас былай деп дәлелдейді:—Доңғалақты тракторлардан нәтиже

Трактор бригадасының бригадирі Редькин және «Новый путь» колхозындағы МТС-тің участкелік агрономы Юрасов жолдастар колхозда қайырмасыз плугпен Мальцевтің әдісі бойынша пар жыртылды деп мәлімет берген. Олар жерді 35-40 сантиметр тереңдікте жырту орнына, небары 25-27 сантиметрде ғана жыртқан және жерді қайырмасыз плугпен жыртқанда көптеген атжал қалдырған. Мұның өмі аталған жолдастардың жер жыртудағы Мальцевтің әдісін жете білмей оны бұрмалап отырғандықтарын көрсетеді. Зябь жыртудың бескүндік талаптарының мінсіз орындалуын қамтамасыз етпе-

Облыста бұлар сыяқты озат колхоздар мен совхоздар аз емес. Бірақ олардың іс тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылмай отыр. Бұл жөнінде жергілікті партия, совет ұйымдары мен шаруашылық органдардың басшылары өздерінің міндеттерін орындай алмай келеді. Атап айтқанда олар әлі де болса озат шаруашылықтардың тәжірибелерін насихаттап, оны өз шаруашылықтарына батыл енгізу мәселесіне жете назар аудармай жүр. Міне осының салдарынан ондай колхоздар мен совхоздарда мал қыстатуға әзірлік жұмыстары мейлінше қанағаттанғысыз жүрізіліп келеді.

Мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын өте мөте баяу жүргізіп отырған Приешім, Совет, Мамлют, Ленин аудандарының колхоздары. Бұған мына фактілер толық дәлел бола алады. Совет ауданында шеш сүрлеу жоспары 5 октябрьге дейін 29,8, Мамлют ауданында 33,7, Приешім ауданында 28,8, Ленин ауданында 45,1 проценттен ғана орындалды. Ал сабан мен топанды жыйнау, тасу жұмыстарының жайы бұдан да нашар. Мәселен, Соколов ауданында жыйнауға тиіс сабанның 14,6, Преснов ауданында 19,9, Ленин ауданында 24,9 проценті ғана маяланды.

Мұның өзі тәуіге болмайтын жағдай. Солай бола тұрса да аталған аудандардың басшылары, сондай-ақ колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшылары мал азығын дайындау сыяқты маңызды мәселеге жете назар аудармай, оны ұзаққа соғып келеді. Бұл аудандарда мал қорала-

дешерін толық өтеуге бағыттаулары керек.

Мал шаруашылығындағы колхозшыларға, МТС, совхоз жұмысшыларына медициналық көмек көрсету, оларды мәдениетті қамту және мал өсірушілердің оқушы балаларының мектепке түгел тартылып, оқуына жағдай жасау жөнінде денсаулық сақтау, оқу орындары мен мәдени-ағарту мекемелері көп жұмыс істеуге тиіс. Бұл орындар мен мекемелер, әсіресе колхоз орталығынан алыстағы қыстаулардағы мал өсірушілерге медициналық және мәдениет жағынан керекті көмектің барлығын жасап, оларды қамтамасыз ету ісіне ерекше назар аударулары керек.

Мал өсірушілерді тұрғын үйлермен қамтамасыз етудің зор маңызы бар. Мал өсірушілер тек тұрғын үй және басқа да сол сыяқты тұрмыстық қажеттермен жабдықталған күнде ғана ынталана жұмыс істейтіндігін ұмытуға болмайды. Сондықтан бұл мәселелерге жергілікті партия, совет ұйымдары үнемі көңіл бөліп, істің барысын бақылап, жете біліп отырулары керек. Мал қыстатуға әзірліктің барысын көзірден бастап тексеріп, ашылған кемшіліктерді дереу жою шараларын белгілеп отыру мен бірге оның орындалуын ұйымдастыру қажет.

Барлық мал өсірушілердің, мал шаруашылығы мамандарының алдында тұрған көзірге ең басты міндет—мал қыстатуға әзірлікті ұйымдастыру түрде жүргізіп, оны табысты аяқтау. Сөйтіп мал қыстатуды үлгілі өткізуге жетісу.

тасына жазылады.

Фабрикада сменалық, айлық нормаларын үнемі асыра орындайтын тігіншілердің саны күн санап көбейіп келеді. Мәселен тігіншілер Анна Уколова, Раиса Ислямова, Елизавета Лукьяненко, Анна Попова, Екатерина Чусовитина және басқалары күндік тапсырмаларын үнемі 150-200 процентпен орындап жүр. Олар басқа тігіншілердің де тапсырманы асыра орындауына көмектесіп отырады. Тігінші Раиса Ислямова жастарды тігіншілік мамандығына үйретуде бірқатар жұмыстар істеді.

Біздің фабрика коллективі қабылданған міндеттемені аброймен орындап, бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын еңбектегі игі табыстарымен қарсы алады. Сөйтіп, облыс еңбекшілеріне мінсіз сапаны, сәнді киімдер тігіп, олардың өскелең тілегін ойдағыдай қамтамасыз етуге жетіседі.

А. НЕЗНАЕВА,

«Комсомолка» тігін фабрикасы кәсіп-оқат комитетінің председателі.

Машинистердің табысы

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы күрметіндегі социалистік жарысқа ұштасқан Петропавлдың паровозшылары жақсы табыстарға ие болуда. Тораптың басқа бөлімдеріндегі теміржолшылармен тығыз байланыс жасай отырып, депоның паровоз бригадалары үстеміздегі жылдың 9 айында салмағы нормадан асатын ауыр 8686 составты Макушино және Есілкөл станцияларына апарды. Сөйтіп, жоспардан тыс 3 миллион тоннаға жақын халық шаруашылық жүктерін тасыды. Бұл бүкіл өткен жыл бойына жүргізілген ауыр салмақты поездардан едәуір артық.

Мереке қарсаңындағы еңбек вахтасында озат аға машинистер коммунист Антон Слюньконың, комсомолец Белошицкийдің, сапарда қосымша су алмастан поезд жүргізудің инициаторлары Александр Маннин мен Георгий Лаптевтің бригадалары ерекше еңбек етіп жүр. Олар сапар сайын ауыр салмақты составты алып, оны Макушино мен Есілкөл станциясына жолда қосымша су алмастан және графиктен бұрын жеткізуде.

Х. НУРАХМЕТОВ.

Жаңа өнім

Қаладағы «Бірінші май» кәсіпшілік артель мектептердің қазақы бойынша оқушыларға арналған арнаулы киімдерді тіге бастады. Осы жылдың сентябрь айында темір жол мектептерінің және № 8 орта мектептің қазақы бойынша 600-ден астам оқушылардың костюмін тікті. Енді аз уақыттан кейін артель тағы да оқушылар үшін 400 костюм тігуді аяқтайды.

Бұл күндері артель коллективі Октябрьдің 37 жылдығы қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Көзір артель коллективі осы алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында еселенген қарқынмен еңбек етуде.

И. МИХАЙЛОВА.

социалистік жарысқа ұштасқан отырып, жұмысты сағаттық график бойынша жүргізуде. Мұның өзі бригадала зяб жұртудың күнделік тапсырмалары үнемі және асыра орындалуын қамтамасыз етіп келеді. Осы бригаданың тракторшылары Портнягин, Янченко, Кузьмин жолдастар «ДТ-54» тракторымен бір сменада 9-10 гектарға дейін зяб жұртып, жанар майдың едәуір бөлегін үнемдеді. Техника күшінің жұмысқа тиімді пайдаланылуы бригадала зяб жұрту жоспарының мерзімінен бұрын орындалуына мүмкіндік берді.

Алайда мұндай алдыңғы қатарлы трактор бригадалары ауданда көптеп саналмайды. Өйткені, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары озат бригадалардың іс тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыру ісімен аз шұғылданады. Мұның өзі ауданда зяб жұрту жұмысының қанағаттанғысыз жүргізілуіне негізгі себеп болып келеді. 5 октябрьге дейін аудан колхоздарында зяб жұрту жоспары небары 52,1 процент ғана орындалды. Өткен бескүндікте ауданда 6598 гектар зяб тапсырмадан кем жұртылды. Зяб жұртуда бұрынғыша Куйбышев атындағы және Ильич атындағы МТС-тер артта келеді.

Аудан басшыларының қайсысымен әңгімелескен де зяб жұртуда Образцовая МТС-і алда келеді деп мақтан етеді. Осы МТС-тің өзі соңғы бескүндікте зяб жұр-

тып, оныңмен зяб жұртуды қамтамасыз етеді. Шынында бұл МТС-тің басшылары трактор паркі жаңа тракторлар есебінен толықтырылғаннан кейін бұрыннан жұмысқа пайдаланып келе жатқан тракторларды іске қосуға көңіл бөлмеген. Осы МТС-тің № 18 және 19 трактор бригадаларында бұрыннан пайдаланып келген тракторлар жұмысқа мүлдем қатыстырылмайтын болған.

«Новый Путь», «Путь к социализму» және «Орталық» колхоздарында машиналардың көпшілігі техникалық жарамсыздықтан тоқтап тұрады. «Новый путь» колхозындағы Редькин жолдастың бригадасында зяб жұртуда небары екі трактор ғана бөлінген. Бұл тракторлардың өздері көпшілік уақытын техникалық жарамсыздықтан тоқтаумен өткізеді. Осы бригаданың тракторшысы Уэв жолдастың жұмыс істеп жүрген плугі төртінше келтірілмеген. Осы себепті зяб өте тайыз жұртылады. Мұнымен бірге атжал қалды. Бұл бригаданың тракторшылары плугтің түренін көтеріп қойып жер жұртуды әдепке айналдырған.

«Орталық» колхозында да зяб жұрту қарқыны төмен. Мұнда жер жұртуда агрегаттық ережелердің өрескел бұрмалануына жол беріліп келеді. Осы жағдайдың барлығы МТС-тің бас агрономы Қожасов жолдасқа әбден белгілі. Бірақ ол жердің сапалы жұмысталудың механизаторлардан қатаң талап етілуі керек.

Қыс күндері қамыстан мал қораларын салу

Облыстың бірқатар аудандарында, әсіресе, отарлы мал жайылымдық учасқтерінде ағаш материалдарының жеткіліксіздігінен мал қораларын салу ісінде бірқатар қиыншылықтар кездесіп келеді. Өйткені, мал қораларын стандартты типте салу ісі көптеген қаржы мен жұмысшы күшін керек етеді. Сондықтан қора салуға қамысты пайдаланудың маңызы ерекше зор.

Қамыстан қора салу колхоз, совхоздар үшін өте пайдалы. Өйткені, мұндай қора салуға жұмысшы күші де, қаржы да аз кетеді. Мал қораларын салуға облыс колхоздарында құрылыс ағаштары жеткіліксіз болғанмен қамыс қоры мол. Ал, қамыстан қораны қысты күні де жақсы, кең, жылы етіп салуға әбден болады.

Соколов ауданындағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары қамыстан қора салудың пайдалылығын жете түсіне отырып, бұл іске айырықша маңыз беріп келеді. Мұнда жақында ғана қамыстан бір жылдық қорасы салынды.

Қамыстан 450 бастық қой қорасын салу үшін небары 120 еңбеккүн, 100 текшеметр қамыс және 3 текшеметрдей ғана талбұтақ жұмсалды.

Қораның сыйымдылығына немесе қолда бар құрылыс материалдарының мөлшеріне қарай қамыс шатырлы қоралардың түрі ішкі жағының жобасы—түзу, тік бұрышты, айқаспалы, немесе бұдан да күрделірек болуы мүмкін. Қораның көлденеңі—5 метр, ұзын бойы 30 метр болса, ондай қораға 250 қой сыяды.

Қора қамыстан салынған жағдайда

ағаш материалдары оған тек есік, терезелер мен желдеткіш каналдар жасау үшін ғана керек. Шатырдың мықты болуы үшін және қора құрылысының беріктігін арттыру үшін шатыр ортасына диаметрі 15 сантиметрлік ағаштан теңестіріп тұратын мөтке орнату керек. Сол сыяқты, әрбір 12 метр сайын кеңістікті ішкі қабырғалар жасалады. Қораның ішкі ауасын кеңейту және шатырдың ішкі қамыс бетін мадың бүлдіруінен сақтау үшін қора салынған жердің ылғалдығына қарай тереңдігі 70 сантиметрлік ор қазылады. Сыртқы көлденең кіші қабырғалардан жарық түсіргіш көзі бар аумағы екі метрлік кең қақпа жасалады. Қора жарықпен шатырдың екі бүйірінен, орта дөңгейінен және қабырғалардан терезе көздерін жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Қораның ауасын үнемі тазартып тұру үшін шатыр төбесінен сыртқа каналдар және терезелерден ашпалы көздер жасалады.

Қамыс шатырды ішкі және сыртқы жағынан сабан араластырған балшықпен сылауға да, жауын өткізбейтіндей етіп топырақпен жабуға да болады.

Қамыс шатырлы қора салу құрылысындағы ең басты жұмыс—шатырды өзін құрау. Қақпаларын және терезелерін жасау жергілікті жағдайларға байланысты әртүрлі жолмен жүргізілуі мүмкін. Ең алдымен қамыс бумалары мен оларды байланыстыратын бұраулардың дайындауы керек. Шатырдың беріктігі осылардың сапалы дайындалуына тікелей байланысты. Әсіресе, қамыс бумаларын дайындау ережелерінің қатаң сақталуына баса на-

зар аударылуы тиіс. Бумаларды дайындау жұмысын жеңілдету үшін ұзындығы 9 метрлік, көлденеңі 5 метрлік және қатар-атарлығы 30 сантиметрлік, биіктігі 40 сантиметр екіқатар қазақ қағу керек. Қамысты тазартқаннан кейін оны бума ұзындығына қарай дәл бөлінетіндей етіп жаяды. Бұл жағдайда буманың диаметрі 28 сантиметрден кем болмауы керек. Бума әрбір 40 сантиметр сайын сыммен буылып, оның байлауының қатаңдығына, беріктігіне шешімеуіне ерекше назар аудару қажет.

Шатыр құрылысының неғұрлым берік болуы үшін буманы дайындағанда қамыстың арасына тал шыбық қосқан жөн. Ал қораны биіктету және шатырдың ішкі қамыс бетін мадың бүлдіруінен сақтау мақсатымен қора салынатын жердің беті тереңдігі 80 сантиметрге дейін қазылып төмендетіледі.

Қамыс буманың екі ұшын көміп, тұйықтау үшін қораның өң бойына тереңдігі 50 сантиметр, кеңдігі 30 сантиметрлік екі арықша қазылады. Қораның қамыс шатырын бекіту және оның жартылай шеңбері сыйпатын қамтамасыз ету үшін жылыжымалы тіреулер қою керек. Ағаш жеткілікті болған жағдайда ортаңғы ұзын арқалықты біржөла тұрақты тіреулер орнатқан жөн.

Облыс колхоздары мен совхоздарында мал қораларын қыс күндері қамыстан салуды кеңінен жүргізу үшін көзірден бастап оған дайындық жасау керек.

А. БОРАНБАЕВ,

құрылыс инженері.

Қазақ ССР қалалық және селолық құрылыс министрлігін құру туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1954 жылғы 4 августағы «ССРО қалалық және селолық құрылыс жөніндегі одақтық - республикалық министрлігін құру туралы» указына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Қазақ ССР-нің тұрғын үй-азаматтық құрылыс министрлігі Қазақ ССР қалалық және селолық құрылыс министрлігі болып қайта құрылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **В. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 5 октябрь, 1954 жыл.

Е. И. Коношевский жолдасты Қазақ ССР қалалық және селолық құрылыс министрі етіп тағайындау туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Евгений Иванович Коношевский жолдас Қазақ ССР қалалық және селолық құрылыс министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **В. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы, 5 октябрь, 1954 жыл.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Цех партия ұйымының игілікті ісі

Қаладағы Бяров атындағы заводтың үшінші цехының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері өндірістік жоспарды ойдағыдай орындау, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасы жоғары болуы үшін қажырлылықпен еңбек етуде. Мәселен, өткен айда цех өндірістік жоспарды 102,2 процент орындап, өнім сапасын едәуір жақсартты.

Цех коллективінің өндірістік табыстарға жетісуде цех партия ұйымының (секретары Никулин жолдас) зор үлесі бар. Цех коммунистері жұмысшылардың өндірістік табыстарын ұйымдастырушы, олардың творчестволық инициативаларына әрқашан дем беруші, еңбектің озат әдістерін қолдаушы болып, жұмысшылардың зор құрметіне бөленіп жүр. Цех партия ұйымы еңбек өнімділігін арттыру жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Өткен жылдың ноябрь айында цех өндірістік жоспарды небары 71 ақ процент орындаған еді. Бірақ, бұл жағдай ұзаққа барған жоқ. Келесі ай цех өміріндегі бұрылыс кезең болды. Міне содан бері цехтың өндірістік көрсеткіштері барған сайын жоғары болып келеді, соңғы сентябрь айының жоспары асыра орындалды.

Цех партия ұйымы мұндай жоғары көрсеткіштерге жетісуді қалай ұйымдастырды?

Партия ұйымы цехтың алғашқы кезде өндірістік жоспарды орындамау себебі жұмысшылар арасында еңбек тәртібінің нашарлығынан екенін, соның садралынан еңбек өнімділігі де, өнім сапасы да төмен болғандығын анықтады. Мәселен, цехта жұмыс уақытында жұмысшылардың кейбір «қыдырып кетуі», станоктардың бос тұқтап тұрғанына немқұрайды қарауы, жұмысқа кешігіп келуі сыяқты фактілер алғаш кезде жиі кездесетін еді. Цех партия ұйымы өзінің жұмысын мұндай зиян әдеттерді жоюға, еңбекті дұрыс ұйымдастыруға бағыттады. Ашық партия жыйналыстарында, өндірістік кенестерде, цехтың жалпы жыйналыстарында, қабырға газеттерінде, «Молния» листоктарында еңбек тәртібін бұзушылар қатты сынға алынды. Олардың кейбіреулерімен партия ұйымының секретары Никулин, цехтың жұмысшылар комитетінің председатели Архипов, комсомол ұйымының секретары Солоницына жолдастар жеке-жеке әңгімелер де өткізді. Осындай және басқа да бір

қатар шаралардың нәтижесінде цехта еңбек тәртібі жолға қойылды.

Еңбек өнімділігін арттыруда жаңашылдардың, өндіріс озаттарының жаңа еңбек әдістерін, рационалдық ұсыныстарын қолдап, оларды өндіріске енгізіп отыруды цех партия ұйымы өзіне заң деп салады. Мәселен, өткен айда 4 рационалдық ұсыныс өндірісте пайдаланылды. Соңғы кезде цех тарихында бірінші рет фрезерші Савинов жолдас бір мезгілде екі станокта жұмыс істеуге кірісті. Тек осының нәтижесінде ғана цех бір жылдың ішінде 5 мың сом қаржы үнемдегені отыр.

Цехта айына бір не екі рет өндірістік кенестер өткізіліп тұрады. Мұндай кенестерге қатардағы жұмысшылардан бастап инженерлер, технологтар, цех бастығына дейін бүкіл цех коллективі түгел қатысып отырады. Өндірістің жаңа әдістері, рационалдық ұсыныстарды осы кенестерде көп талқысына салу әдетке айналған.

Цех партия ұйымы жұмысшылардың, мастерлердің өндірістік мамандықтарын, техникалық білімдерін арттыруға да көп көңіл бөледі. Өйткені, жұмысшылар коллективі техникалық білімдермен жақсы қаруланған болса, еңбек өнімділігі де, өнім сапасы да жоғары болатынын цех коммунистері әрқашан естерінен шығарған емес. Цехта техникалық минимум курстары жұмыс істейді. Жұмысшылардың едәуір бөлігі бұл курстарды бітіріп те шықты. Қазір құрамында 50 адамы бар жұмысшылардың екі тобы осы техникалық минимум курстарында оқып жүр.

Цех партия ұйымы жұмысшылар, мастерлер және жеке участоктар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Әресе мұндағы игілікті іс—жарыстың қорытындылары арнаулы көрсеткіш тақтада күн сайын шығарылады. Сондай-ақ жарыс озаттарының, жаңашылдардың еңбек өнімділігін арттырудағы әдістері жаңашылдар мүйісінде, қабырға газеттерінде, «Молния» листоктарында насихатталып отырады. Мысалы, өндіріс озаттары токарь Викматовта жолдас сентябрь айында өз міндеттемесін 186 процент, Калинин 211, екі станокта қатар жұмыс істейтін фрезерші Савинов—201, Черкасов—189, Сапрыгина—187, Захаров—175 процент орындап жүр. Бұлардың табыстарының сыры—олардың еңбек әдістерін кәсір цех коллективі түгел біледі және

олардан үлгілі алуға. Токарьлар участогының мастерлері Еременко және Зайцевский жолдастар да өндірістік тапсырмаларын 102-105 проценттен орындап жүр.

Цех партия ұйымы ашық партия жыйналыстарын өткізуді де жиі қолданып отырады. Бұл жыйналыстарда коммунистер партияда жоқтарға партиялық берік тәртіптің, принципті сын мен өзара сынның, ұйымшылдықтың, кемшіліктерге төзбеушіліктің тамаша үлгілерін көрсетіп отырады, еңбек өнімділігін арттырудың нақтылы шараларын белгілейді.

Алайда цех партия ұйымының жұмысын да кемшіліктер де кездеседі. Мәселен жаңашылдардың, өндіріс озаттарының бай тәжірибелері жұмысшылар арасында әлі де жеткіліксіз насихатталып отыр. Цех өмірінің айнасы, озат тәжірибені көпшің ортақ ісіне айналдырушы болып табылатын цех қабырға газеті аталған міндетті жеткілікті дәрежеде атқара алмай келеді. Рас, газеттің көркемделуі, тілі жақсы. Алайда мұнда фактілер тек жалпылама көрсетіледі. Айталық, бір еңбек озатының өндірістік тәжірибесіне немесе өндірістік көрсеткіштері төмен болып жүрген жұмысшының өндірістік жұмысына талдау жасау, оның табысының немесе кемшіліктерінің себептерін ашу бұл қабырға газетінің практикасында бірде-бір рет кездеспеген.

Цехта еңбек тәртібі біраз жақсартылғанымен, әлі де болса жұмысшылар арасында жұмысқа кешігіп келу, жұмыс күнін бос жіберу фактілері кездесіп жүр. Сентябрь айында 6 жұмысшының әрқайсысы бір-бір күннен жұмысқа шықпай қойған. Цех партия ұйымы, оның секретары Никулин жолдас мұндай жағдайға орынсыз төсімділік көрсетіп келеді.

Жақында цех коллективі Ұлы Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұшпаса, өндірістік тапсырманы октябрь айында өткен айға қарағанда 8 процент артық орындауға, өнім ақауын шұғыл азайтуға және 5 технологиялық процесті жақсарту арқылы еңбек өнімділігін 2 процент арттыруға міндеттеме алды. Бұл игі міндеттемені цех партия ұйымының басшылығымен цех жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері әбеймен орындап шығатыны күмәнсіз.

Д. ӘУЕЛБЕКОВ.



Азербайджан ССР-ы. Самур-дивичин каналының құрылысы кеңінен жүргізіліп жатыр. Жаңа су магистралі 84 километрге созылады. Бұл республикада суармалы жердің көлемін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

СУРЕТТЕ: насос станциясының трубаларын құрастырып салу жұмысы жүріп жатыр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

СВЕРДЛОВСК ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Свердлов облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Бидай өткен жылдағыдан 1 миллион пұт артық тапсырылды, колхоздар МТС-тердің атқарған жұмысы үшін тапсырылған есептер бойынша мемлекетке сату ретінде әлі де астық тапсыруда.

Облыстың колхоздары мен совхоздары өздерін дөңді дақылдардың тұқымымен толық қамтамасыз етті, картоп пен овоц жыйнау мен дайындауды аяқтауға жақын, теплица, парник шаруашылығын ұлғайту жұмыстарын жүргізуде, жемшп дайындау және мал қораларын мал қысқатуға әзірлеу жұмыстарын оған әрі жүргізуде.

ОМСК ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Омск облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Мемлекетке өткен жылдағыдан 30,8 миллион пұт, оның ішінде негізгі азық-тық бидай—26,4 миллион пұт артық тапсырылды. Үстемізгегі жылы көлемді тыңайған жерлер игерген Дробышев, Руско-Полянский, Черлак, Молотов аудан-

Вильгельм Пиктің „Отан алдында сіңірген еңбегі үшін“ орденімен наградталуы

БЕРЛИН, 6 октябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін премьер-министр О. Гротеволь салтанатты жағдайда президент Вильгельм Пикке бірінші дәрежелі «Отан алдында сіңірген еңбегі үшін» орденін тапсырған. Вильгельм Пик республиканың құры-

ғанына бес жыл толуына байланысты Германияның бірлігі жолындағы күресте және ГДР-ді құрып, нығайту ісінде сіңірген аса көрнекті еңбегі үшін ГДР Министрлер Советі Президиумының қарары бойынша наградталды.

Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығы Берлиндегі салтанатты мәжіліс

БЕРЛИН, 6 октябрь. (СОТА). Бүгін Берлинде, неміс мемлекеттік опера театрының үйінде Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына бес жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс болды.

Неміс халқының өміріндегі дақты күннің құрметіне арналған мәжілісте Герман Демократиялық Республикасының үкіметінің мүшелері, Германияның Социалистік Біртұтас партиясы Орталық Комитетінің мүшелері, ГДР Халық палатасы мен Өкпелер палатасының депутаттары, демократияшыл партиялар мен бұқаралық ұйымдардың өкілдері, Елбек Ерлері мен өндіріс активтері, еңбекші шаруалардың өкілдері, ғылымның, мәдениет пен искусствонның көрнекті қайраткерлері жыйналды.

Мәжіліс президиумының үстінгі жағында неміс халқының тарихындағы тұңғыш, шын мәнісінде демократиялық және бейбітшіл мемлекет, неміс халқының біртұтас, демократиялық және бейбітшіл Германияны орнату күресіндегі сенімді тірегі—Герман Демократиялық Республикасының гербі орнатылған.

Бесшік сағат 6. Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь, Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы председателинің орынбасары Герман Матери, Германияның Социалистік Біртұтас партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, премьер-министрдің орынбасары Вальтер Ульбрихт, ГДР премьер-министрінің орынбасарлары Отто Нухке, Генрих Рау және Пауль Шольц, ГСБП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшелері Карл Ширдеван, Вилли Штоф, министрлер, Өкпелер палатасының председатели Рейнгольд Лабеданц, сонымен қатар Герман Демократиялық Республикасының басқа да көрнекті қоғам қайраткерлері президиумға келгенде, салтанатты мәжіліске қатысушылар оларды ұзақ, ду қолшалақтап қарсы алды.

Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығын мейрамдау үшін Берлинге келген шетелдік делегациялардың басшылары мен мүшелерін құттықтады.

Бұдан кейін Вальтер Ульбрихт Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевольға сөз берді. Оның трибунаға келуін жыйналғандар ду қолшалақтап қарсы алды.

Отто Гротевольдің сөзін жыйналғандар зор ықпалмен тыңдап, сан рет қолшалақтап бөліп отырды.

Циранкевич бастаған, Чехословак Республикасынан—Ұлттық жыйналыстың председатели Зденек Фирлингер бастаған, Венгер Халық Республикасынан—Министрлер Советі председателинің орынбасары Антал Апро бастаған, Румын Халық Республикасынан—Министрлер Советі председателинің орынбасары Киву Стойко бастаған, Болгар Халық Республикасынан—Министрлер Советі председателинің орынбасары Георги Чанков бастаған, Албан Халық Республикасынан—Мемлекеттік бақылау комиссиясының председатели Шефьет Печи бастаған, Монгол Халық Республикасынан—Монгол Халық-революциялық партиясының Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, бас прокурор Жамбалдоржи бастаған, Корея халық-Демократиялық Республикасынан—Министрлер Кабинеті председателинің орынбасары және жеңіл өнеркәсіп министрі Пак Ы Ван бастаған, Вьетнам Демократиялық Республикасынан—Вьетнам Демократиялық Республикасының ССРО-дағы Елшісі Нгуен Лонг Ван бастаған үкімет делегациялары, сонымен қатар Франциядан, Бельгиядан, Голландиядан және басқа елдерден келген қонақтарды қызу құттықтады.

Герман Демократиялық Республикасының Президенті Вильгельм Пиктің үкімет дожасына келуін жыйналғандар ұзақ, ду қолшалақтап қарсы алды.

Салтанатты мәжілісті ГСБП Орталық Комитетінің бірінші секретары, ГДР премьер-министрінің орынбасары Вальтер Ульбрихт ашты.

Ол мәжіліске қатысушылардың ду қол шалақтауы үстінде Президент Вильгельм Пикті, премьер-министр Отто Гротевольді құттықтаған сөздер айтып, Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығын мейрамдау үшін Берлинге келген шетелдік делегациялардың басшылары мен мүшелерін құттықтады.

Бұдан кейін Вальтер Ульбрихт Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротевольға сөз берді. Оның трибунаға келуін жыйналғандар ду қолшалақтап қарсы алды.

Отто Гротевольдің сөзін жыйналғандар зор ықпалмен тыңдап, сан рет қолшалақтап бөліп отырды.

Председательдік етуші Совет Үкімет делегациясының басшысы Вячеслав Михайлович Молотов жолдасқа құттықтау үшін сөз беріледі деп жариялады. В. М. Моло-

Коммунистер Кравченконы неге сайламады

Еңбекшілердің тұрмыстық қажетін өтеуде қалалық тұрғын үйлер басқармасы жаңа міндеттер дәрежесінде жұмыс істеуге тиіс. Алайда қалалық тұрғын үйлер басқармасы коммуналдық шаруашылықтың дамуындағы тұрғын үйлерді жөндеу, жаңадан пәтер үйлер салу жөніндегі жоспарды орындауда жыл сайын артта қалып келеді. Бұл жұмыстың қар-

Жарыссөзде сөз сөйлеген коммунистер принципі сын мен өзара сынды кеңінен өрістетіп отырып, партия Бюросының есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысын батыл сынға алды. Сөйтіп олар партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

—Партия бюросының секретары Кравченко жолдасының бір жыл ішіндегі бүкіл

жылжандығы үшін екі рет партиялық жаза берілді. Солай бола тұрса да, ол бұдан тиісті қорытынды жасамады. Ол осы күнге дейін ішкілікпен арғыла алмай жүр. Осыны біле тұра партия бюросы Петров жөнінде қатаң мәселе қараудың орнына, оның партиялық жазасын алу жөнінде қаулы қабылдап, ымырашылдық жасады. Осы сыяқты тұрмыста өнеге

отыр. Қыстың жақында қалуына қарамастан көптеген пәтер үйлерді жөндеу жұмысы төзгісіз ұзаққа созылуда. Жөндеу жұмыстарының сапасы қанағаттанғысыз. Ленин көшесіндегі № 74, Степан көшесіндегі № 138 және басқа бірнеше үйлерде жөндеу жұмыстары сапасыз жүргізіліп отыр. Осы себепті ол үйлерде тұрушы адамдар атаған үйлерді екінші рет жөндеуді талап етіп отыр.

Міне, тұрғын үйлер басқармасы партия ұйымының жақында болып өткен есеп беру сайлау жыйналысында осы және басқа да маңызды мәселелер сөз болуға тиіс еді. Алайда партия бюросының секретары Кравченко жолдас өзінің есепті баяндамасында жоғарыда көрсетілген кемшіліктер, оның себептері жөнінде жұмған аузын ашпады. Ол партия жыйналысының көп өткендігін айтып, мақтан етті.

жұмысы, — деді коммунист Буриков жөнінде де партия ұйымы ешбір шара қолданбай келді. Есеп беру сайлау жыйналысында коммунистерге саяси тәрбие беру мәселесіне көп назар аударылды. Бірқатар коммунистер өткен жылы партия оқуы жүйесінде формальді түрде есептеліп, өздерінің саяси білімдерін арттыру мәселесіне неміскетті қарап келді. Ал, партия бюросы бұл жөнінде қатаң талап қоймады. Есеп беру сайлау жыйналысы партия бюросының жұмысын қанағаттанғысыз деп танып. Коммунистер сенімді ақтамаған және тұрмыста азғындандығы үшін Кравченконы партия бюросының секретары етіп қайра сайламады. Партия бюросының құрамына, бұқара арасында беделі бар коммунистер сайланды.

СОКП мүшесі Долгов жолдас өзінің сөзінде кейбір коммунистердің еңбекте және тұрмыста өнеге көрсете алмай жүргеніне тоқталды. Мәселен СОКП мүшесі Петров жолдасқа маскүнемдікке са-

карете қарап жүргені жөнінде де партия ұйымы ешбір шара қолданбай келді.

Есеп беру сайлау жыйналысында коммунистерге саяси тәрбие беру мәселесіне көп назар аударылды. Бірқатар коммунистер өткен жылы партия оқуы жүйесінде формальді түрде есептеліп, өздерінің саяси білімдерін арттыру мәселесіне неміскетті қарап келді. Ал, партия бюросы бұл жөнінде қатаң талап қоймады. Есеп беру сайлау жыйналысы партия бюросының жұмысын қанағаттанғысыз деп танып. Коммунистер сенімді ақтамаған және тұрмыста азғындандығы үшін Кравченконы партия бюросының секретары етіп қайра сайламады. Партия бюросының құрамына, бұқара арасында беделі бар коммунистер сайланды.

М. БАТЫРОВ.

тапсырды. МТС-тердің жұмысы үшін тапсырылған сметтар бойынша және мемлекетке сату ретінде астық әлі де тапсырылып жатыр.

КУРГАН ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Курган облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Астық өткен жылдағыдан 12,4 миллион пұт артық тапсырылды. Негізгі азықтық дақыл — бидай тапсыру жоспары 117,4 процент орындалды. Астық мемлекетке әлі де тапсырылып жатыр.

Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдері мен картоп тапсыруды аяқтау жөніндегі жұмыстар жүргізіліп, зябь жұртуға және малды қыста күтуге әзірленуде.

ресейлік, СССР Ұлыбасқарымының президенті А. Н. Несмеяновтың, Украина ЕП Орталық Комитетінің секретары О. И. Иващенконың, СССР-ның Герман Демократиялық Республикасындағы елшісі Г. М. Пушкиннің құрметіне ду қолнапалақталып, залдың күмбезі астында көшке дейін басылмады.

Қытай Халық Республикасынан — премьер-министрдің орынбасары Чэнь И бастаған, Поляк Халық Республикасынан — Министрлер Советінің председатели Юзеф

ТАУДАҒЫ АҒАШТАРДАН ЖАҢҒАҚ ЖЫЙНАУ

ЖАЛАЛАБАТ, 7 октябрь. (СОТА). Оңтүстік Қырғызстанның тау бойларындағы ұлан-байтақ ағаштарында грек жаңғақтары жыйнау басталды. Жаңғақтардың өнімі жылдағыдан ерекше. Ағаш шаруашылықтарының дайындау бригадала-

ғандар көшке дейін басылмаған ду қолнапалақтаумен қарсы алды.

В. М. Молотов жолдасының сөзін мәжліске қатысушылар зор ынтасымен тыңдап, сан рет ұзақ, ду қолнапалақтап бөлініп отырды.

Будан кейін салтанатты мәжлісте Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығына байланысты салтанатқа келген шетелдік делегациялардың басшылары құттықтау сөз сөйледі.

ры жаңғақтарды өткен жылдағыдан екі есе көп жыйнауда.

Қырғызстан ағаштарынан 20 мың центнер грек жаңғақтарын жыйнау көзделіп отыр.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың тәжірибесі

Біз барлық сауын сыйырлардың жоғары өнімділігіне қалай жетіп отырмыз

Архангельск облысы, Холмогор ауданы, „Новая жизнь“ колхозының зоотехнигі П. Е. Фоминаның әңгімесі

Архангельск облысы, Холмогор ауданы, «Новая жизнь» колхозы мал өсірушілерінің үлесіне зор құрмет тиді. Олар Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне екінші рет қатысушылар болып табылды. Біріншісіне 1939 жылы қатысты, екіншісіне үстеміздегі жылы қатысып отыр. Көзір көрмеде біздің сүтті маңдарымыздың жекелеген тамаша түрлері ғана емес, көрменің мал шаруашылығы қалашығындағы төрт қатарлы үлгілі сыйыр қораға орналасқан ірі қарамал фермасы түгелдей көрсетілуде.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында еліміздің сыйырлардан сүтті көп алған колхоздарының қатарында «Новая жизнь» колхозы атап көрсетілді. Артельде әрбір 100 гектар егістік, шабындық және жайылым жерлерге 32 ірі қарамадан оның ішінде 17 сыйырдан келеді. Әрбір 100 гектар жарамды жерден артель 80 мың килограмма жуық сүт алады. Егер 1939 жылы әрбір сауын сыйырдан алынған сүт орта есеппен 2.946 килограмм болса, 1953 жылы әрбір сыйырдан алынған сүт 4.615 килограмма жетті. Сүт алудың ұлғайтылуымен бірге, сыйыр сүтінің майлылығы да артты. Сүттің майлылығы 3,5-тен 3,77 процентке дейін көтерілді. Сол сыяқты, сыйырлардың тірідей салмағы 1935 жылы 399 килограмм болса, көзіргі уақытта 572 килограмма дейін жетті.

Колхоз жылына 80—90 холмогор тұқымдас тұқымдық бұқалар мен бұзаулар өсіріп сатады. Соңғы жылдар ішінде біз Совет Одағының 28 облысына екі мыңнан артық бұзау жөнелттік.

Біздің ферманың өндіріс көрсеткіштерінің өсуі жөніндегі мәліметтер қысқаша осындай. Келтірілген құрғақ цифрлар да колхозшылар мен ферма мамандарының табанды, қажырлы еңбегінің, колхоз бас-

қармасының және партия ұйымының мал шаруашылығына тыянақты басшылық жасауының сыры жатыр. Қол жеткен табыс шегі емес. Колхоздың жалпы жыйналысында келесі жылы әрбір сыйырдан орта есеппен 5 мың килограмнан сүт сауып, 1955 жылы көрмеге қатысу правосын жеңіп алу жөнінде қарар қабылданды.

Жемшөп базасын нығайтпайынша, малдың өнімділігін арттыруға болмайтындығы белгілі. Біздің Холмогор ауданы бай суармалы жайылымдарымен, шабындықтарымен ежелден ақ даңқы шыққан. Алайда, табиғи жайылымдар өңдеуді талап етеді. Біз мұны үнемі істеп отырамыз. Шабындықтар мен жайылымдарды тазартамыз, оларға тыңайтқыштар төгіп, үстіңгі қабатын өңдеп жақсартамыз. Сол сыяқты, жемшөптік тамыржемісті дақылдарды, шөпті егуді ұлғайтамыз, сүрлеген шөпті дайындауды арттырамыз. 1947 жылы әрбір сауын сыйыра 0,29 гектар жемшөптік дақылдар алаңы келсе, 1953 жылы ол 0,54 гектарға жетті. Қоғамдық мал үшін құнарлы азық дайындау 3—4 есе арттырылды. Біздің жағдайымыз үшін өте тамаша ауылшаруашылық дақыл — малазығындық қапустаны колхоздың көп көлемде өсіргеніне, міне бірнеше жыл болды. Малазығындық қапуста сабақта тұрып, 10 градусқа дейінгі аязға жақсы төзеді. Суық түскенге дейін жемшөптік дақылдардың барлығы дерлік жыйналып алынады, ал қапуста өсе береді және сыйырлар көп уақыт бойына жаңа, көк, құнарлы азықпен азықтандырылады. Үстеміздегі жылы біз алғаш рет жүгері септік. Бірінші сынағымыз сәтті болып, жүгеріден жақсы өнім алынды.

Жемшөп базасын нығайту малды азықтандырудың рациональн едәуір өзгертуге мүмкіндік берді. Жабайы және құнарлы азықтарды көп беру есебінен малға қым-

бат, сатып алынатын концентратты беру азайтылды. Біз жылына әрбір сыйыра бұрынғыдан біржарым есе көп—20 центнерге дейін жабайы азық, бұрынғыдан 4 есе дерлік көп—63 центнер құнарлы азықтық мөлшері 16 центнерден 11,3 азық береміз, ал рационда концентратты центнерге дейін кеміттіміз. Осы жағдайда сауын сыйырлардың өнімділігі 1,44 есе арттырылды. Малдың сүйсіне жеуі үшін кейбір азықтарды алдын ала әзірлеп береміз. Сабан ұсатылып, буландырылады, сол сыяқты, күнжара да буландырылады. Ал, турнепс пен картоп жуылып беріледі.

Біз бүкіл жыл бойына сыйырларды біркелкі азықтандыруға зор маңыз береміз және тәуліктік рекордтық сүтке қызыққаннан гөрі, сыйырлардан сүтті бір келкі алу үшін мұны маңызды деп есептейміз. Мәселен, 1952—1953 жылдары малды қорада бағу кезінде азық өте талшы болды. Ауданның көптеген фермалары сүтті едәуір кем алды, ал біз азықтың талшы жағдайында да сүтті кемітпей, қайта оны едәуір көп алдық. Мұның бәрі жемшөп талшы болса да, онымен малды біркелкі, іркілесіз азықтандырудың нәтижесі. Кейбір фермаларда былай болады—қыстың басында малды жемшөппен мол азықтандырады, ал екінші тоқсанда малды өте аз жемшөппен азықтандырады.

Фермада барлық жұмыс қатаң графикке, ойластырылып жасалған жоспарға бағындырылған. Зоотехник сауыншылармен бірлесіп сыйыр сауудың жоспарын алдында жасайды. Әрбір сыйыра арнаулы карточка жасалған, оған ай сайын малдың негізгі көрсеткіштері: суалған мезгілі, өнімділігі, азықтың мөлшері мен түрлері жазылады. Колхозда сыйырдың өнімділігіне сөзсіз зиянды әсер ететін, белгілі бір сыйырлардың ерте суалтылуы

немесе оның кезінде суалтылмауы сыяқты жағдайлар мүлде кездеспейді. Біз сыйырларды мезгілінде суалтуға ерекше зор маңыз береміз. Сыйырлардың суалтылуы 85 күннен аспайды және 40 күннен кем де болмайды.

Фермадағы еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру (автоматты суарғыш, электрмен сыйыр сауу, азықты механикалық жолмен дайындау мал өсірушілердің еңбегін жеңілдетті. Сонымен бірге осы күнге дейін көптеген фермаларда байқалып келген, сауыншылар мен бұзаушылардың еңбегін бір кезде едәуір қиындатқан сыйырларды бұзаулаудың маусымдылығы жойылды. Мұндай қиыншылық тұқымдық бұқалардың өсірілуіне де керісінше әсер етеді. Біз өз фермамыздың сыйырларын бұзаулардың санын толықтыру мерзімдерін реттей келіп, біртіндеп біркелкі бұзаулауға көшірдік. 1945 жылы, мәселен, жазғы айларда сыйырлардың 7 проценті ғана бұзаулайтын еді. 1952 жылы сыйырлардың 47 проценті жылдың бірінші жартысында және 53 проценті екінші жартысында бұзаулады. Сүт алудың мөлшері де өзгерді. Бұрын жазды күні тозулігіне 9 килограмнан, ал қысты күні 5 килограмнан сүт алсақ, енді жазды күні 13,2, ал қысты күні 13 килограмнан сүт аламыз.

Әйтсе де сауыншылар күні бойына жұмыстан босамайтын. Өткен жылы біз басқа екі аралық күн тәртібі бойынша жұмыс істеуге көштік. Бұл жағдайда сауыншылар таңертең 4 сағат және көпке 4 сағат жұмыс істейді. Бірінші мен екінші, үшінші мен төртінші сауын мезгілдерінің арасы жақындатылды. Олар әрбір үш сағаттан кейін жүргізіледі. Мұндай тәртіп сауыншылардың еңбегін жеңілдетті және сыйырлардың дем алуына көп уақыт берді.

Малдың өнімділігін арттыруда оның тұқымын асылдандыру жұмысын үнемі жүргізудің маңызы зор. Бір кезде біз сүтті көп алып жүрдік, бірақ сүттің майлылығының проценті оншалықты болмады. Сыйырлармен шағылыстыру үшін сүтті майлы «Полководец» және «Полос» тұқымды бұқалар өсіріп, пайдалануды ұйғардық. Сыйырлардың тұқымдық жүйесі тек қана майлы сүт беретін болды. Мал тұқымын асылдандырудың жақсы бағын күтумен ұштастырылуы айтар-

лықтай нәтижелер берді. Көзір барлық жас сыйырлар өнімділігі жөнінен де, сүттінің майлылығы жөнінен де өздерінің еселерінен жақсы. Көрі сыйырлардың сүтінде, әдетте орта есеппен 3,73 процент, ал бірінші және екінші бұзаулаған жас сыйырлардың сүтінде—3,84—3,89 процент майлылық болады. Әсіресе, «Полос» тұқымдас «Лабрант» бұқасының ұрпақтары ерекше көзге түседі. Одан алынған 22 қашардың 10-ның сүтінде 4 проценттен жоғары майлылық, ал екінші жылы сауылғанда 300 күн ішінде 4.855 килограмм сүт берген «Фаза» сыйырының сүтінде 4,6 процент майлылық бар.

Жоғары өнімді сыйырлардың семьясын табу жөнінде де колхозда үнемі жұмыс жүргізіледі. Көзіргі уақытта мұндай төрт семья табылды. Мұндай сыйырларды өз тұқымынан туған ұрғашы бұзаулар есебінен толықтырып отырамыз. Сауыншылар оларды бұзаулауға және саууға да дайындайды. Мұндай практиканың өзін өзі толық ақтағандығын өмірдің өзін-өзі көрсетті. Тәжірибелі сауыншының қолына тиген сыйырлар жас кезінде әк жоғары өнімді, құнды малға айналады. Мәселен, ферманың таңдаулы сауыншыларының бірі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Елизавета Яковлевна Ванукова 1945 жылы бұзаушы болып жүріп өзіне 10 бұзау бөліп алды, оларды шағылыстырудан өткізіп, жақсы күтіп, бақты, ал бұзаулағаннан кейін оларды өзі сауды. Оның бәрі сүтті ең көп беретін сыйырлар. Көзір, ол «Сказка» сыйырының «Цветная» атты ұрғашы бұзауын өсірді, ол бірінші жылы сауылғанның өзінде майлылығы 3,93 процент 4.605 килограмм сүт берді. Ванукова өсірген сыйырлар рекордтық өнім беруге жетті. Соңғы 11 ай ішінде ол өз тобындағы әрбір сыйырдан орта есеппен 5.250 литр сүт алды. Сол сыяқты, Е. Ф. Кризевич, М. А. Шунгарина, жас сауыншы З. Ванукова және басқалары тамаша нәтижелерге жетті.

Сыйырларды мұқият күтім бақпайынша олардың жоғары өнім беруі мүмкін емес. Фермада бұзауларды суарудың дифференциаль схемасы енгізілді. Мал басын толықтыруға арналған бұзауларға 500 литр қаймағы алынбаған және 1.300 литр айыған сүт береміз. Жоғары өнімді сыйырлардан туған бұзаулар

мен мал басын толықтыруға арналған ерекше бұзауларға бұл нормадан 50 литр қаймақты сүт және 100—200 литр қаймағы алынған сүт артық беріледі. Бұзаулардың организмдерін шынықтыру үшін қысты күні салқын жерде күту, жазды күні лагерлен бағу өдісін қолданамыз.

Кейбір фермаларда зиянды практика—бұзауларды жасқа толғаннан кейін ғана жақсы азықтандыру практикасы орын алып отыр. Ал, бұдан кейін шағылыстырғанға дейін, ал кей ретте бірінші бұзаулағанға дейін оларды «өз күнін өзі көретін» деп есептеп, жақсы күтім жасаламайды, олардың азықтануын бақыламайды. Бұл шағылыстыру кезінде он сегіз айлық, он тоғыз айлық қашарлардың нашар өсіп жетілуіне өкеліп соғады. Біздің колхозда қашарлар бір жасқа толғаннан кейін де тыңғылықты күтім жасалады. Оларға әртүрлі азық жеткілікті беріледі. Сондықтан колхозда қашарлар біркелкі өседі. Бір жасқа толған қашарлардың тірідей салмағы 280—300 килограмм, ал шағылыстыру жасында—400-ден 450 килограмма дейін жетеді. Соңғы 14 жыл ішінде фермада 1.528 асыл тұқымды бұзау ешбір шығынсыз өсірілді.

Біз өз жұмысымызда арнаулы сауын сыйырлар тобын ерекшелемейміз, жекелеген рекордқа қызықпаймыз, өзіміздің барлық назарымызды бүкіл сауын сыйырлардан сүтті көп алуға аударамыз. Бізде сауын сыйырлар тобының ерекше бір күтіміне қойылуы сыяқты фактілер жоқ. Біздің ферманың қызметкерлер коллективі барлық сауын сыйырлардан сүтті көп алуға жетісті, мәселен, соңғы 11 ай ішінде әрбір сауын сыйырдан алынған сүт 4.530 килограмм болды.

Бұл—ферманың барлық сауыншылары мен бұзаушыларының ынтымақты қажырлы еңбегінің нәтижесі. Қажырлы еңбек өте отырып, олар өздерінің білімдерін толықтыруда. Мәселен, ферманың 16 малынысы үшжылдық зоотехникалық курстарды бітіріп, ауыл шаруашылығының бірінші разрядтағы шеберлерінің аттестатын алды. Ал, көзір олар өз тәжірибелерін таратып қана қоймай, сонымен бірге еліміздің алдыңғы қатарлы мал өсірушілерінен—көрмеге қатысушылардан өздері де үйренуде.

Агрономиялық кеңес

Картопты сақтау жолдары

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығы дақылдары ішінде картопты көптеп өсіру ісінің шұғыл қолға алынуын міндеттеп, мұның өзі халықтың әл-ауқат тұрмысын жақсарта түсуге және мал шаруашылығын оған әрі жан-жақты өркендетуге қолайлы жағдай жасайтындығын атап көрсеткен болатын.

Бұл нұсқауды іс жүзінде орындап шығу үшін быйыл облыс колхоздарында картоп прогрессивті, шаршы-ұялап отырғызу әдісімен себілді. Мұнда жұмыс негізінен механика күшімен жүргізілетін болғандықтан бұл дақылдың көлемін арттыра түсуге зор мүмкіншілік туды. Облыс колхоздарының көпшілігінде картоп төртқатарлы шаршы-ұялы «СКГ—4» картоп отырғызышымен жүргізілді. Ал, кейбір картоп отырғызыш «СКГ—4» сеялкасы болмаған колхоздар картопті культиватормен шаршы-ұялы әдіспен отырғызды.

Көктемгі жұмыстың мұндай жаңа әдіспен жүргізілуі картоп дақылын арамшөптен отау, топырағын қопсыту тағы басқа да өңдеу жұмыстарына машина күшін пайдалануға мүмкіншілік туды, егістен мол өнім алуға жетістірді. Картопты осындай шаршы-ұялап отырғызған колхоздар көзір болып көрмеген жоғары өнімге ие болуда. Мысалы, Петропавл ауданың «Луч Ленина» колхозы, Соколов ауданының Ленин атындағы колхозы картоптың әр гектарынан 160 центнерге дейін өнім алып отыр. Бұл — жаңа шаршы-ұялап отырғызу әдісін өндіріске кең қолданудың қажет екендігін анықтай түседі.

Енді облыстағы картоп шаруашылығын өркендетуде көрнекті табыстарға ие болған колхоздар алдында келесі жылы да бұл прогрессивті әдісті тиімді пайдаланумен бірге алдағы жылдың егісі үшін шығымды картоп тұқымын сақтай білу міндетті тұр.

Өнімнің шығымды болуы оған дайындалған тұқым сапасына қарай болатындығы белгілі. Быйылғы мол өнім берген участоктардан алынған тұқымның келесі жылы мұнан да жоғары өнім беруі үшін оның өңіштік сапасын кемітпей сақтай білу керек. Тек осы жағдайда ғана жақсы банталып күтілген жерден алынған тұқымның сапасы жылдан жылға арта түсетін болады.

Картоп жыйнау аяқтағаннан кейін басты міндеттің бірі — тұқымдық картопты шығынсыз және бүлдірмей сақтай білу. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін картоп түйнектерінің ерекше қасиеттерін жете білу қажет. Сонымен бірге картоптың қалай сақтау керектігін ескерген жөн.

Картоптің қоймаларда сақталған кезде де түрлі ауруларға ұшырауы мүмкін. Бұл жағдайдың болмауы үшін тұқымға салынған картопты агротехникалық ережелерге сай жағдайда ұстау керек.

Сақтауға қойылған картопты қандай да бір аурумен шалдықтырғаннан кейін оның

қошқыл дақ болады. Бұл — өсу кезінде қоректік заттың жетіспеуінен пайда болған кемістік. Осындай картоптар іріктелусіз тұқымға құйылған картоп ішіне араласса, қарақошқыл жерлер желімденген кілегейлерге айналып шірі бастайды. Сөйтіп бүкіл сақтаудағы тұқым қорының өңіштік сапасын кемітуі де мүмкін. Сондықтан келесі жылдың егісінің шығымды болуы үшін, сақталған тұқым қорында мұндай шығымдылық сапасын жоюға жағдайлардың орын алмауы үшін бұл айтылған жағдайлардың мұқият ескерілуі қажет.

Жыйналып алынған картоп сақтауға қойылған кездердің өзімен дымқылдық шығарып тұрады. Сондықтан сақтау кездерінде картоптың мұндай қасиеттері еске алынбаса, оған дайындалған орынның қанша жақсы болғанымен картоп бусанып, босап тұқымға жарамсыз болып бүлінеді.

Картопты температурасы 2 градусқа дейін жылылықта сақтаған жөн. Қысты күндері картоп сақталған қоймалардың температурасы 0 градустан төмен түспеуі тиіс. Өдетте картоп сақталған қоймалардың іші дымқыл тартып тұрады. Бұл заңды да. Бірақ қойма ішіндегі картоптардың сырты буланып, тамшы пайда бола бастаса, қойма ішіндегі ылғалдықтың көбейіп кеткендігі деп білу керек. Мұндай жағдайда дереу желдеткіштер ашылып, қойма ішіне құрғақ таза ауа енгізіледі.

Картопты сақтаудың түрлі жолдары бар. Олар үшін жасалатын қоймалар әр түрлі. Жалпы картоп сақтағын қоймалар тұрақты және уақытша қоймалар болып екіге бөлінеді. Мұның біріншісіне — арналып жасалған қоймалар, подвалдар, екіншісіне — көмбелер және қамбалар жатады.

Қоймалар тұқым құйылмас бұрын барлық дастан тазаланып, қабырғалары өктелуге тиіс. Біздің облыстың жағдайында картопты мүмкін болғанына арнаулы қоймаларда сақтаған жөн. Ал азықтық картопты арнаулы қоймаларда да, қамбаларда да сақтауға болады.

Күзде қыста тұқымдық және азықтық картопты сақтау үшін арнаулы қамбалар жасалады. Мұндай қамбалардың тереңдігі және көденені бір метрден болады да, ұзындығы әр мөлшерде кездесуі мүмкін. Бірақ қамбаға картопты бір күн ішінде салып бітіру керек.

Мұндай қамбаларға салынған тұқым картоптың әр қатары үстінен күм төселіп отырылады. Жақсылап тазаланған қамбаның түбіне бірқатар картоп төгіледі де, үстінен 4—5 сантиметрдей топырақ себіледі, оның үстінен тағы да картоп төселеді де алдағыдай топырақпен жабылады. Осылайша қамба түгелдей тұқым картобымен толтырылады. Картоп қамбаның жіектеріне 10-15 сантиметрдей қатпарша төгілуі тиіс.

Қамба іші толтырылғаннан кейін оның

Колхоздардың мал азығына арнаған картобын күзде-қыста көмбелерде сақтауына болады. Мұндай жағдайда картоп тегіс жерге, немесе 20-25 сантиметрдей қазылған жерге төгіледі, де үстінен қалыңдатылып сабан жабылады. Бұл сыяқты көмбелерді желдің көп болатын жағына тік келтіріліп орналастырылған жөн. Егер картоп мұндай көмбеге бірнеше қатар болып салынса, онда көмбелердің араларын 8 метрден кем етпеу керек. Бұл көмбеден картоп алғанда үлкен жеңілдік келтіреді.

Мұндай көмбеге төгілген картоптың көденені 2 метр, қалыңдығы 0,8 метр, ұзындығы 7-10 метрге дейін болуы мүмкін. Көмбеге салынған картоптың мөлшері бір-ақ күн ішінде алып үлгеретіндей болғаны жөн. Көмбеге салынған картоп қалыңдығы біркелкі сабанмен не топырақпен суық бармастай етіліп жабылады. Көмбеге картоп 4—5 градус суыққа дейін осы қалыңда сақталуы керек. Көмбеде жатқан картоптың үстіне сабан, не топырақ жабылғанда оның қыр арқасынан гөрі етек жағынан қалыңрақ жапқан дұрыс. Мысалы, егер картоптың үстіне жабылған сабан мен топырақтың қалыңдығы орта есеппен 80 сантиметр болса, оның етек жағының қалыңдығы 90 сантиметр, ал қыр арқасы 65-70 сантиметр болуы керек.

Көмбеге салынған картопқа таза ауа қыр арқадан баратын етіп жасалады. Ол үшін картоптың қыр арқасына 4-5 градус суық түскеніне сабаннан басқа ешнәрсе жабылмайды. Сөйтіп, картоп құрғап, тоназып суық түсе бастаған кезде түгелдей топырақпен жабылады.

Күзді күндері көмбеге картопқа ауаның көп барып құрғақ сақталуы үшін қосымша желдеткіштер жасалады. Ол үшін көмбеге арналған жерден көденені мен тереңдігі 30-40 сантиметрдей арықша қазылады да, үсті ағаш не шілкімен жабылады. Жауынды кездерде арықшаға су жыйналып қалмас үшін арықшаның екі жақ шетінен ор қазылады. Қыстың аязды суығы түсе бастаған кезде арықшаны сабан, немесе көнмен тығыздап бекіту керек.

Тағы бір ескеретін нәрсе — сақтауға төгілген картоптың қалыңдық мөлшері. Тұқымға құйылған картоп қоймаларда 1,5—2 метр, ал көмбелер мен қамбаларда 1 метрден аспауы тиіс. Бұл мөлшерде төгілген картоп қызудан, бүлінуден аман болады.

Бұл жоғарыда көрсетілген жағдайлармен бірге сақтауға салған картопты қыс уақытында жиі бақылап, оларда кездескен кемшіліктерді тез жоюдың шараларын іске асырып отыру қажет. Егер қыс уақытында қоймадағы картоптың бүлінгендігі байқалса, онда іле қосымша іріктеу жұмысын ұйымдастыру керек. Осы айтылған шаралар үлгілі жүзеге асырылған күнде келесі жылдың егісіне са-

Автомобильмен астық тасудың озаттары

Республикада дәнді егін жыйнау аяқталып келеді. Колхоздар мен совхоздардың қырымдарынан дайындау пункттеріне астық тасу жұмысы қызу жүргізіліп жатыр. Астық тасуда қолданылатын негізгі транспорт — автомобильдер болып отыр. Еліміз Қазақстанның автомобиль шаруашылықтарын транспорттың бұл түрімен көп қаруландырған. Тың жерлер игерілетін аудандарда қосымша 14 автомобиль шаруашылығы ұйымдастырылып, олар 1.000-ға жуық жаңа автомашина алды. Республикаға көмек ретінде Россия федерациясынан, Украинадан және басқа туысқан республикалардан 9 мыңнан аса жүк автомобильдері келтірілді. Дала жағдайында автомобиль паркіне қызмет ету үшін жылжымалы 30 жаңа мастерской алынды. Автомобильшілердің қатарына республикаға тұрақты жұмысқа келген мыңнан аса қызметкер қосылды.

Автомобиль транспортының қызметкерлері арасында жаңа егіннің астығын неғұрлым тез тасу жолындағы жарыс күн санап өрістеуде. Көптеген автомашина жүргізушілер мен автомобиль шаруашылықтарының коллективтері өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

«Союзгазотранстың» Володарский автотротасының шоферлері Бөкшетау облысының Айыртау ауданындағы колхоздарда күн сайын ондаған мың шұт астық тасыйды. Бұл автотротаның коллективінде «ЗИС—150» автомобильдерін жүргізуші Любименко мен Трофимов жолдастар жарыста үздік табыстарға жетті. Олар бір рет жолға шыққанда нормадағы 4 тонна орнына 10 тонна астық тасыйды бұл үшін екі тіркеме пайдаланады.

Қостанай облысына Латвиядан келген Владимир Сибаров пен Владимир Рамаза астық тасуда автомашиналарды бұдан та жақсы пайдалануға жетті. Олар астықты «ЗИС-150» автомашинасы мен үш тіркемеден құралған автомобиль-поездармен тасыйды. Олар осындай әрбір поездбен бір рет жолға шыққанда 13—14 тонна астық жеткізеді.

Талдықорған облысының Сарыөзек автотротасының шофері Сергей Грудко қоралтып құрылысын өзгертіп, «ЗИС-150» автомашинасының жүк көтеріңіштік қабілетін 10 тоннаға дейін жеткізді. Кеше ол Сарыөзекке Киров атындағы совхоздың нормадағы 4 тонна орнына 8 тонна сұлы тасыды. Грудко сентябрь айының жүк тасу жөніндегі тапсырмасын екі еседей асыра орындады.

(ҚазТАГ).

„Мақтарал“ совхозындағы жаналық

ИЛЬИЧ. (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). «Мақтарал» совхозының егіс даласы мыңдаған гектар жерді алып жатыр. Бұған дейін мақта жыйнайтын машиналар мұнда жеке-жеке жұмыс істейтін. Әрбір механик жүргізуші белгілі бір участок алып, өсімдіктегі қауақтардың

Жайбарақаттықтың салдарынан

Күн көшкеріп қаранғы түсе бастағал кез. «Тропинка Ильича» колхозының орталығы Корнеевка селосында қолдарына бір-бір орындық ұстаған колхозшылар селоның орта тұсындағы үлкен үйге қарай ағыла бастады. Бірден түсіне қоймаған біз жол-жөнекей кездескен бір колхозшыдан мұның мәнін сұрадық.

—Бүгін жаңа картина көрсетілмек еді, —деді ол, —соған бара жатқандар ғой.

—Ал, орындықтары несі?

—Клубта орындық жоқ болса, өз орындығын ала бармағанда не істесін.

Шынында да, клубта ешқандай орындық жоқ екен. Сыланып, ағартылмаған күнгірт үйдің кең залында небары 40 шақты адам ғана жыйналып киноның басталуын тосып отыр. Олардың көпшілігі осы селого орналасқан Куйбышев атындағы МТС-тің механизаторлары көрінеді. Колхоз басшыларынан бірде-бір адам жоқ.

—Олар қайда, —деп сұрадық біз колхозшылардан.

—Біздің басшыларымыз мұндай клубқа келгеннен гөрі үйлерінде жатуды тауір көреді.

—Ал, клубты жөндеуді неге талап етпейсіздер?

—Кімнен?.. Колхоз председатели Гриценконың бұл жөнінде тыңдағысы да келмейді. Мәселен, клубтың қашан жөнделетіндігі туралы сұрағанымызда, ол бізге былай деп жауап берді: «Туғалы мен кино көрген емеспін сонда да жүдеген жоқ. Ал, сендер менің мазамды ала беретін болсаңдар мен клубты астық қоймасы етемін, болмаса төл үйіне айналдырамын». Бұдан кейін одан не талап етуге болады.

Председательдің бұл сөзін колхоз партия ұйымының секретары Солдатов жамдас та естіген еді. Бірақ, мәдениет орны туралы мұндай сорақы пікірдегі адамға партия ұйымының ешқандай шара қолданбағандығы қиыңқыларлық-ақ іс.

Корнеевка селосындағы бірден-бір мәдениет орны — клубтың еңбекшілердің тілегін қанағаттандырырлықтай жұмыс істеуіне қажетті жағдай тұтызылмауына алғұндағы колхоз бен МТС басшыларының біріне бірі сілтеудің қушағында қалуы себеп болып отыр. Гриценко «біздің колхозшыларымыз клубқа бармайды, ал, МТС үшін біз міндетті емеспіз» дейді. Ал, МТС

директоры Потякин жолдас механизаторлардың мәдени қажеттерін өтеуді тыңғылықты ұйымдастыруды ескермей келеді.

«Красный Сибиряк» колхозында (председатели Пашков, партия ұйымының секретары Лягаев жолдастар) клуб және кітапхана бар. Бірақ олар шын мәніндегі мәдениет орталығы бола алмай отыр. Колхоз басшылары клуб үйін жатақханаға, кітапхананы колхоз кеңсесіне айналдырған. Соның нәтижесінде еңбекшілердің арасында мәдени-ағарту жұмысының дәрежесі өте төмендеп кеткен. Мұнда жастардың шіркеуге баруы, діни ғұрыштарды орындауы сирек кездесетін жағдай емес.

Колхоздағы мәдениет орындарын қысқа әзірлемеу, клуб, кітапхана үйлерін басқа жұмыстарға пайдалану сыяқты жағдай «Новая жизнь» (председатели Маслов жолдас), «Память Ильича» (председатели Марушкин жолдас) колхоздарында да орын алған. «Новая жизнь» колхозының клубы салына бастағалы үш-төрт жыл болса да, оның құрылысы әлі толық аяқталған жоқ. Клуб үйі, сыланбаған, пештері салынбаған. Сол сыяқты «Память Ильича» колхозының клубыа жөндеу жұмыстары әлі қолға алынбаған, ал, кітапхана үйі колхоз кеңсесіне айналдырылған.

Міне, жоғарыда айтылған фактілер Ленин ауданындағы кейбір колхоз басшыларының мәдени-ағарту жұмыстары сыяқты маңызды мәселетте жете мән бермейтінін көрсетеді. Ал, аталған колхоздардың партия ұйымдары бұған төзіп, ымырашылық жасап келеді. Идеологиялық жұмыстардың маңызды участогі — мәдени-ағарту жұмыстарындағы мұндай кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. Бастауын партия және комсомол ұйымдары колхоз басқармаларынан клубтар мен кітапханалардың жақсы жұмыс істеуіне керекті жағдай тұтызуды талап етуге міндетті. «Кино жәрмесем де жүдеген жоқ» деп мәдени-ағарту жұмыстарына жете мән бермейтін Гриценко сыяқты колхоз председателдеріне олардың шаруашылық жұмыстарына дұрыс басшылық жасаумен бірге колхозшылардың мәдени-тұрмыс дәрежесін де жақсарту беруге міндетті екендігін түсіндіруге тиіс.

Н. НАШЛЯК.

Колхоз клубында

Селоның көрнекті тұсына орналасқан клуб үйінің алдындағы көркем афиша анадайдан кез тартады. Онда бүгін кешке клубта «Тарас Шевченко» атты көркем суретті фильм көрсетілетіндігі және лекция оқылатындығы жазылған. Тәңіртен ертемен почта таратқан хат тасушы да үйді-үйге киноның аты әсемдеп жазылған хабарландыруды таратып жүр.

Күн көшкіре жұмыстан қайтқан колхозшылар клубқа қарай ағыла бастады. Көп көшкірейісін ең алдында іші халыққа тек тоқты. Енді аз уақыттан кейін сах-

растырылған. Ғылыми-көпшілік фильмдерді таңдап алған кезде оған ауылшаруашылық мамандары қатыстырылады. Олар фильмдердің тақырыптарына байланысты лекциялар, баяндамалар әзірлейді. Мәселен жақында көрсетілуге тиісті «Советское семеноводство» деген фильмнің алдынан осы тақырыпқа арналған лекция оқылмақ.

Комиссия кино көрсету жоспарында оқушыларға оқу фильмдерін көрсетуге де көп көңіл бөлген. Олар мектеп оқытушыларымен келісе отырып, совет ғылы-

нектеріндегі ылғалдың мөлшеріне байланысты. Мұнымен бірге картоп түйнектерінің жыйнау үстінде бүлінулері мүмкін. Негізгі бүлінушілік себептері — картопті күрек кесу, жанылыу. Картоптың шала жетілуі себепті пайда болатын өзіне тән кемістіктері болады. Ал, мұндай кемістіктері бар картоптардың сыртында қара-

үстіне 20-30 сантиметр қалыңдықта топырақ тасталады. Суықтың ұлғаюына байланысты қамба үстіндегі топырақ қалыңдатыла түседі. Суық түсе қамба үстіндегі топырақтың қалыңдығы 70 сантиметрге жеткізіледі. Қыс аса қатты жылдары мұның үстіне қосымша сабан немесе қар тасталынуы керек.

пайы тұқым сақтауға болады. Соңғы келесі жылы да картоп дақызынан мол өнім алуға жағдай жасалады. Сондықтан әрбір колхоздың, совхоздың басшылары қысқы кездерде картоп сақтаудың шараларын мұлткіз жүзеге асыру жолдарын мұқият қарастырулары керек.

Агроном В. СУХОМЛИНОВА.

Картопты ысырапсыз жыйнаудамыз

Бидің колхоз үстіндегі жылға дейін картоп, овощ өсіру жұмысымен аз шұғылданып келді. Бұл алдымен колхоз басқармасының кінәсінен болған іс еді. Өйткені басқарма мүшелері колхозшы шаруаларды картоп, овощ дақыдыларын көптеп егуге жұмылдыра алмады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысы елімізде картоп, овощ шаруашылығын өркендетуге едәулі жемшіліктердің барлығын атай көрсетіп, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан картоп, овощ дақыдыларының көлемін ұлғайтуды, оның өнімін арттыруды талап етті. Бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру халқымыздың картоп, овощ өнімдеріне, жеңіл өнеркәсіптің шикізатқа деген қажетін етеуге және қоғамдық малды жұнарлы азықпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Картоп пен овощ егістерін көптеп егу колхоздың экономикасын нығайтып, колхозшылардың әл-ауқатын мәдени дәрежесін жақсартуға беруге келелі үлес қосады.

Сондықтан да біз быйылғы жылы 20 гектардан астам картоп және овощ дақыдыларын ектік. Жыл бойына өгөрод

бригадасы үздіксіз жұмыс істеді. Бригаданы басқаруға колхозшы П. Шотошина жолдас тағайындалды. Ол бригаданың құрамын картоп, овощ өсіруге тәжірибесі бар колхозшылардан толықтырылып бригадаға күш көлігі бөлініп берілді.

Бригада мүшелері картоп және овощтарды баптап-күтуді тыңғылықты ұйымдастырды. Жаз бойына картоптың арам шөбі үш-төрт рет тазартылып, түштелді. Мұның өзі картоптың және овощтардың шығымы жақсы болуын қамтамасыз етті.

Көзгі уақытта бригада мүшелерінен басқа 40-50 колхозшы картоп қазуда бістан сапалы тұқым әзірлеудеміз. Жыйналған картоптан 500 центнер тұқым іріктеліп алынды. Ол кештіріліп жақсы жабықтықталған қоймаларға салынды.

Көзгі уақытта бригада мүшелерінен басқа 40-50 колхозшы картоп қазуда бістан сапалы тұқым әзірлеудеміз. Жыйналған картоптан 500 центнер тұқым іріктеліп алынды. Ол кештіріліп жақсы жабықтықталған қоймаларға салынды.

Колхозшылар картоп, овощ дақыдыларын өкіру колхоз үшін де колхозшылар үшін де пайдалы екендігін өздерінің быйылғы іс тәжірибелерінен айқын көріп отыр. Көзгі олар картопты және овощты жыйнауда қажырлы еңбек етуде.

А. МЕТЕЛЬ,

Булаев ауданындағы «Страна советов» колхозының председатели.

ОВОЩТАН МОЛ ӨНІМ

Соколов ауданының бірқатар колхоздары овощ дақыдыларынан көптеген өнім алуда. «Путь Ленина» колхозы базарларда, дүкендерде қыяр, арбуз және басқа овощтарды сатып, олардан 100 мың сом пайда тапты. Ауданның Молотов атындағы, Пушкин атындағы және басқа колхоздары да овощтан мол өнім алуда.

★


ЖОСПАР ОРЫНДАЛДЫ

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары быйыл картоп, овощ дақыдыларын егуде шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолдады. Мұның өзі картопты баптап, күтуді механика күшімен атқаруға мүмкіндік берді. Картопты күту жұмысын механикаландыру одан мол өнім алынуын қамтамасыз етіп отыр.

Көзгі уақытта колхозшылар картоп, овощтарды жыйнауды қызу жүргізуде. Колхоз алғашқы жыйналған картопты, капустааны, қыярды, сәбізді мемлекетке тапсырып, бұл жөніндегі жоспарды толық орындап шықты. Сауда орындарына мың центнер картоп сатуға шарт жасалса, ол колхозда артығымен орындалды.

Т. ЕСЕНОВ.

★



СУРЕТТЕ: Мамлютка совхозында өсірілген малазығындық дақылдар (солдан оңға қарай). 1. Малазығындық қызылша, 2. Асқабақ, 3. Жүгері.

анылу санының қаншалықты екенше көңіл аудармастан мақта жыйнай беретін. Апылған қауашақтары аз есімдіктің мақтағы алғашқы рет жыйналған жерге бірнеше күннен кейін қайтадан оралуға тура келетін. Мақта жыйнайтын машинаның жұмыс өнімділігі мен шитті мақтаның сорттылығы кеміп, егінің ысырап болуы артатыны.

Быйыл мақта жаңа әдіспен жыйналуда. Машиналарды топтап пайдалану әдісі енгізілді. Бір участкаға бір уақыттың ішінде 5—6 агрегат жұмыс істейді. Егер бұрын алғашқы рет жыйналған кезде гектарына 6-7 центнер шитті мақта алынатын болса, қазір 20 центнер, одан да артық өнім жыйналуда. Қазір жұмсалған жанармайдың мөлшері артығанның өзінде мақта өткен жылдағыдан үш есе көп жыйналады. Машиналар негізінен агрегаттың шпиндельдерін жууға ғана тоқтайды. Мұндай тұрып қалушылықты қысқарту үшін механизматорлар мақта жыйналатын зағандардың шеттерінде планталы насостар орнатты. Арнаулы жұмысшылар машиналарды осы насостардың көмегімен тез жуады.

Совхозда мақта жыйнайтын агрегат жүргізушілердің бәрі қазір жұмыс нормасын асыра орындауда. Октябрь және Коминтерн бөлімшелерінің жүргізушілері тапсырманы біржарым есе асыра орындауда.

Астық тасуды ойдағыдай өткізу жолындағы жарыс

Түркістан-Сибирь темір жолы астық тасудың сентябрь жоспарын асыра орындады. Октябрь айындағы социалистік жарыста бұл табысты жолшылардың, вагоншылардың, паровозшылардың, басқа да служба қызметкерлерінің ұйымшылдығымен жұмыс істеуі қамтамасыз етті.

Паровозшылар ауыр салмақты поездарды шапшаң жүргізуге жету үшін күресуде. Аға машинист Семиверстов жолдас салмағы нормадан 800 тонна артық астық тиеген поезды Отар станциясынан Шу станциясына графиктегіден бұрын жеткізді. Механик Фомин жолдас астық тиеген қос эшелонды Луговой станциясынан Шуға жеткізді. Машинист Шинкин жолдас астық паровоз бригадалары кезекті жолға шыққанда салмағы нормадан мың тоннадан асатын астық тиеген поезды тиісті станцияға жеткізді.

Матай торабының жас теміржолшылары Түркібте бағалы инициатива көтерді. Жаңа жерлер игеру ісіне қосқан үлесін арттыруға ұмтылып, олар Матай бөлімшесінің жастарын жарысқа шақырды. Жарыс инициаторлары поездардың су алуға тұруын қысқартуға, паровоздардың жөндеуаралық жүрісін тапсырмадағыдан кемінде 15 процент арттыруға міндеттенді. Астық тасыйтын барлық поездарды өңдеу және қабылдау шапшаң әдіспен жүргізуге тиіс. Жарыс инициаторлары астық тасыйтын поездардың орта тәулік жүрісін тәулігіне 600 километрге дейін жеткізуге міндеттенді.

Матай темір жол торабы жастарының шақыруын бүкіл магистральдің жас транспортшылары қуаттап қарсы алды. (ҚазТАГ).

наның төріндегі қызыл матамен көмкерілген трибунаға колхоз кітапханашысы Сергиенко шықты. Ол Украинаның ұлы ақыны Т. Г. Шевченконың өмірі мен ақындық қызметі жөнінде баяндама жасады. Баяндама аяқталғаннан кейін кино басталды. Туысқан Украина халқының ұлы ақыны Шевченконың тамаша өмірімен, ақындық қызметімен кеңінен танысқан колхозшылар өте бір рыйзалықпен үйлеріне тарайды.

Молотов атындағы колхоздың клубында (Преснов ауданы) мұндай көштер елге жіті өткізіліп отырылады. Клубта колхоздың өз киностановкасы жұмыс істейді. Оның жұмысын тәжірибелі киномеханик Коробицын жолдас басқарады. Ал оған колхозшылардан ұйымдастырылған арнаулы кинокомиссия көмектеседі. Комиссияның мүшелері колхозшыларға қандай кино көрсетілетіндігін үнемі хабарлап отырады және колхозшылардың қандай кино көріптері келетіндіктерін біліп, олардың тілегін қанағаттандырып отыруға тырысады. Колхозшыларға кино көрсетудің жоспары жасалып, онда көркемсуретті фильмдермен бірге ауылшаруашылық тақырыптарына арналған ғылыми-көпшілік фильмдерді көптеп көрсету қа-

мының табыстары жөнінде және ғылым қайраткерлерінің өмірін баяндайтын фильмдерді көптеп көрсетуде. Кино көрсетудің жүйелі түрде жүргізілуінің нәтижесінде жоспар август айында 309 процент, ал сентябрь айында 333 процент орындалды.

Клубта колхозшылардың мәдениетті түрде тынығуына толық жағдай жасалған. Колхоз интеллигенттері мұнда әдебиет, искусство, жаратылыстану, медицина тақырыптарына лекциялар оқып, баяндамалар жасап отырады. Лекция тақырыптарына арналған көрмелер ұйымдастырылады. Фойеде санатар басталғанша радиола және баян ойналады. Жастардың шахмат, дойбы, домино ойнауға да мүмкіншіліктері бар.

Қазір колхоз клубы қысқы маусымға толық әзірленіп болды. Мұнда көркемөнершілер үйірмесі үздіксіз жұмыс істейтін болады. Оларға керекті музыкалық аспаптар жеткілікті, үйірме репертуары да іріктеліп алынған. Колхоз партия, комсомол ұйымдары клубтың шын мәніндегі мәдениет орны болу үшін көп көмек көрсетуде.

С. ТӨЛЕГЕНОВ.

Жаңа кино установка

Совет ауданында колхоз, совхоз еңбекшілеріне кино көрсету ісі жылдан-жылға жақсара түсіп отыр. Бұрын бұл ауданда алты жылжымалы киноустановка жұмыс істеп, оларды колхоздарға совхоздарға аралату үшін аудандық атқару комитетінің мәдениет бөліміне, үш жүз машинасы бөлінген болатын. Дегенмен, аудан колхоздарын өлі де уақытылы қамтып алмайтын еді.

Аудандық мәдениет бөлімі жуық арада жаңадан тағы да бір «Киев» маркалы киномотор алды. Оны жас киномеханик Н. Мотвиенкоға бекітіп берді. Мотвиенко-

ның киномеханиктер дайындайтын арнаулы курсты бітіргеннен кейін өз бетінше жұмыс істеуге шыққаны осы жылы ғана болатын. Ол ауданның Ленин атындағы колхозының клубында ауылшаруашылық артель мүшелеріне «Бақыт» осылай келеді» деген көркемсуретті кинофильм көрсетті.

Бұл фильмді колхозшылар зор сүйіспеншілікпен көріп жас киномеханиктің алғашқы қадамына риза болғандықтарын білдірді.

Е. МУСИН.

Кітап оқушылар конференциясы

Жақында Мамлют аудандық мәдениет үйінде Николай Островскийдің творчествосына арналған кітап оқушылар конференциясы болып өтті. Оған аудан орталығының және село төңірегіндегі колхоздардың көптеген еңбекшілері қатысты. Конференцияда аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары Шемета жолдас жазушының өмірі мен жазушылық қызметі туралы баяндама жасады. Бұдан кейін бірқатар кітап оқушылар даңқты жазушы

Николай Островскийдің «Құрып қалай шынықты», «Дауылдан тугандар» шығармаларын оқығандағы алған әсерлері жөнінде айтты.

Кітап оқушылар конференциясынан кейін аудандық мәдениет үйінің көркемөнерпаздары конференцияға қатысушыларға концерт қойып берді. Көркемөнерпаздар жазушының шығармаларынан үзінділер оқыды. Орыс және совет композиторларының әндерін орындады.

А. МАНУЙЛОВ.

200 мың сом кіріс

Совет ауданындағы Ленин атындағы колхоз (председатели Қанафин жолдас) үстіндегі жылы жоспар бойынша 200 гектар алаңның екпелі бидайына орауға тиіс еді. Колхозшылардың қажырлы еңбек етулерінің нәтижесінде, бұл жоспар екі есе асыра орындалып, колхоз 400 гектар алаңның бидайынан толық жыйнап, алды. Одан мың центнерден артық өнім жыйналды.

Бидайық тұқымның құндылығын ес-

кере отырып, артель мүшелері қолда бар артық 617 центнер бидайық тұқымның мемлекетке сатты. Сойтіп, колхозға 200 мың сом кіріс келтірді.

Колхоз үстіндегі жылы тағы да қосымша 165 гектар алаңға бидайықтың жоғары сортты тұқымын септі. Келесі жылы колхоздағы екпелі бидайық көлемі 600 гектарға жетеді.

М. ЖЕТКЕНОВ.

ФРАНЦУЗ КОМПАРИЯСЫНЫҢ БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ ҚАРУЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЛОНДОН КЕЛІСІМДЕРІ ЖАЙЫНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 6 октябрь. (СОТА). «Юманитэ» газеті Француз Коммунистік партиясының Батыс Германияны қаруландыру туралы 9 елдің Лондон кенесінде қабылданған қарарлар жөніндегі мәлімдемесін жариялады. Мәлімдемеді былай делінген:

Лондон кеңесі Франция мен бейбітшілік үшін елеулі қатар болып табылатын хауіпті қарарлар қабылдаумен аяқталды. Кеңеске қатысушы 9 ел Батыс Германияны қаруландыру және оны Атлантикалық одаққа қабылдау туралы келісімге келді. Олар 1948 жылы қол қойылған және ресми түрде герман милитаризмнің қатеріне қарсы бағытталған Брюссель договорын милитаристік Германиямен одақтастық туралы договорға айналдырды...

Лондон қарарлары Европаның орталығында хауіпті соғыс ошағын қайта тұдыру мақсатын көздейді. Лондон қарарларының жүзіне кіруі іс жүзінде «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастаудың маңызын жоққа шығарған болар еді. Француз халқының бұл договорды қабылдамай тастаған себебінің өзі сол, бұл договор Францияның және Европадағы бейбітшіліктің қас жаулары неміс кешкілерін қаруландыраған болар еді.

Лондон қарарлары, деп атап көрсетілген мәлімдемеді, ең алдымен герман милитаристерінің және АҚШ-тың соғысқұмар топтарының мүдделеріне сай келеді, бұл қарарлар Потсдам келісімдерін ашықтан-ашық бұзғандық болып табылады.

Лондон келісімдеріне өзінің қолын қойып, делінген мәлімдемеді бұдан кейін, Мендес-Франс Құрама Штаттардың қысымымен Аденauerдің талаптары алдында тізе бүкті. «Антикоммунизм» ұлтты бағындыру және елдің мүдделерін қорғаудан бастарғу саясатына қайтадан әкеліп соқтырды.

«Европалық қорғаныс бірлестігін» қабылдамай тастауға жеткізген жұртшылықтың қарсыласуынан әділ хауіптеніп, Лондон келісіміне қол қойған дипломаттар бұл келісімді француз парламентіне қабылдауды тездетпекші болып отыр. Ұлттық жыйналысқа 7 октябрьде Лондондағы тізе бүгушіліккі мақұлдау ұсынылды. Бонн кешкілерін қаруландыруды жақтаушылардың жоспары біржолата жасалған текстерді осы жылдың аяғына дейін бекітуде болып отыр.

Бірақ, Лондонда қабылданған қарарларды сөзсіздікке ұшыратуға мүмкіндік бар. Қыймыл бірлігіне сүйене отырып, халық Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтатуда, «европалық қорғаныс бірлестігін» күйретуде жеңіске қалай жеткен болса, бұл қарарларды қабылдамай тастауға да жете алады және жетуге тиіс. Франция герман милитаризмін қандай формада болса да қайта тұдыруға ойдағыдай кедергі бола алады.

Опаның хауіпсіздігі мен болашағы келіссөздер жүргізу нәтижесінде қабылданған бейбіт қарарлардың салтанат құруы қажет екенін айтып отыр, бұлар:

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының IX сессиясы

НЬЮ-ЙОРК, 6 октябрь. (СОТА). Беше Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының төртінші мәжілісінде болған жаңы дискуссияда Чехословакияның, Сирияның және Югославияның өкілдері шығыс сөйледі.

Чехословакия делегациясының басшысы, Сыртқы Істер министрі Давид былай деп мәлімдеді: халықаралық қатынастардағы шиеленісті онан әрі бәсеңдету үшін дүниежүзілік жаңа соғыс хауіпін жою, қару-жарақты мықтап азайту, жаппай қырғын-жойтын қаруға тыйым салу, бөтен территориялардағы соғыс базаларын жою, соғыс насихатын тоқтату, агрессияшыл соғыс блоктарын құру саясатын тоқтату сыяқты проблемаларды шешу қажет.

Дүние жүзінің халықтары, деп мәлімдеді Чехословакияның өкілі, көрей халқының ұлттық праволарын құрметтеу принциптеріне сәйкес Кореяны бейбітшілікпен біріктіруге мүмкіндігіне тезінен жетуді барған сайын қажырлылықпен талап етуде. Ол ұлы державалардың бірі—Қытай Халық Республикасы жөніндегі әділетсіздікке Ассамблеяның назарын аударды, өйткені кейбір елдердің әрекеті салдарынан ҚХР БҰҰ-ға енгізілмей отыр. АҚШ-тың және кейбір басқа елдердің реакцияшыл топтары, деп атап көрсетті Давид, атом, сутегі қаруын және жаппай қырғын-жойтын қарудың басқа түрлерін пайдалануға ерекше үміт артып, дүниежүзілік жаңа соғысқа жанталасқан әзірлікті онан әрі жүргізуде. Сондықтан, деді ол бұдан кейін, қарудың бұл түрлерін қолдануға сөзсіз тыйым салу туралы келісімге жету бірінші дәрежелі маңызы бар нәтиже болып табылады. Чехословакия делегациясы совет делегациясының ұсынысын толығымен қолдайды.

Чехословакияның өкілі бірқатар елдерде үрейлену және соғыс желікпесі жағдайын тұдыру, сөйтіп жаңа соғысқа психологиялық жағынан негіз әзірлеу мақсатын көздейтін жаңа соғыстық есуастықпен насихаттау әрекетінің әлі де жасалып отырғанына ерекше тоқталды. Мұндай насихат, әсіресе, АҚШ-та орын алып отыр. Сондықтан чехословак делегациясы, деп мәлімдеді Давид, Бас Ассамблеяның күн тәртібіне жаңа соғыс насихатына тыйым салу туралы жаңа пункт ұсынады.

Сирияның өкілі Шукейри сөзінің едәуір бөлегін Палестина мәселесіне арнады. Бұл мәселені реттеу үшін ол бес державаның, хауіпсіздік Советінің тұрақты мүшелері—ССРО-ның, АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Қытайдың өкілдерінен тұрақты Палестина комиссиясын құруды ұсынды.

Бұдан кейін Югославияның өкілі шығыс сөйледі.

Күндізгі мәжілісте болған жалпы дискуссияда Либерияның, Боливияның және Украина ССР-нің өкілдері сөз сөйледі.

Либерияның өкілі төуелді халықтарға өзін өзі билеу правосын беру қажеттігін жақтаған пікір айтты. Ол атом қуаты жөнінде халықаралық агенттік құру туралы америкалық ұсынысын қолдады.

Боливияның өкілі қару-жарақ пен қарулы күштерді азайту туралы, сонымен қатар атом, сутегі қаруына және жаппай

қатар атом қуаты жөнінде халықаралық агенттік құру туралы АҚШ ұсынысын да құттықтайды. Нашар өркендеген елдерде техникалық көмек көрсету туралы айта келіп, Боливияның өкілі кейбір жағдайда шетелдік капитал салушылардың нашар өркендеген елдерден әуел баста жұмсаған күрделі қаржысынан анағұрлым асып түсетін мөлшерде пайда тауып отырғанына наразылық білдірді.

Украин ССР-нің өкілі Паламарчук өз сөзінің едәуір бөлегін қару-жарақты азайту, атом қаруына және жаппай қырғын-жойтын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселеге арнады. УССР делегациясы, деп мәлімдеді Паламарчук, қару-жарақты мықтап азайту туралы конвенция жасасу және бұл салада халықаралық бақылау қою жайындағы Совет Одағының ұсыныстарын қызу қолдайды.

НЬЮ-ЙОРК, 6 октябрь. (СОТА). ССРО делегациясы енгізген жаңа екі пунктті: 1) «қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырғын-жойтын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасасу туралы», 2) «Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» пункттерді Бас Ассамблеяның IX сессиясының күн тәртібіне енгізу жайындағы мәселені талқылау үшін 5 октябрьде күндіз Бас комитет шақырылды.

«Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» пунктті маңызды және шұғыл мәселе ретінде Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізу қажеттігі жайындағы ССРО делегациясының пікірлерін комитетке ұсынып, совет делегациясының басшысы А.Я. Вышинский былай деп мәлімдеді: соңғы уақытта чанкайшиліктердің Қытай теңіздері ауданында сауда кемелеріне қарақшылық шабуыл жасау оқиғасы жиіленіп кетті. Англияның, Данияның, Польшаның және Совет Одағының сауда кемелері осындай шабуылдарға ұшырады. Мұндай әрекеттер, деді ССРО өкілі бұдан кейін, ашық теңізде еркін кеме қатынасының жалпы жұрт таныған принципін өрескел бұзғандық болып табылады, сондықтан Бас Ассамблея бұл әрекеттердің болашақта қайталанатын болмауы үшін бұл әрекеттерді бағыл айыптауға тиіс. Бұл мәселені Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізу қажеттігі және мынадай жағдайдан туып отыр: өзінің соғыс флоты Тайвань аралы ауданында қытай суларын бақылап отырған АҚШ Үкметінен чанкайшиліктердің мұндай қылмысты әрекеттеріне жол бермеуге шаралар қолдануын сұраған Совет Үкметінің сан рет өтініштеріне қарамастан, бұл өтініштер ешқандай жақсы нәтижелер берген жоқ.

Гоминдандық топтың өкілі кәзіргі уақытта француз үкметінің советтік «Туаше» сауда кемесімен болған жанжалды реттеу жайына чанкайшилік үкмет орындарымен келіссөздер жүргізіп жатқанына байланысты бұл мәселені талқылауды кейінге қалдыруды ұсынды.

Гоминдандықтың ұсынысын Франция

рінше, француз үкметімен гоминдандықтардың «Туаше» кемесі жайындағы келіссөздері аяқталғанға дейін күте тұру керек. Ағылшын делегаты Ллойд та осылай пікір айтты.

Француз делегаты мен гоминдандықтың сөздеріне жауап бере келіп, Совет Одағының өкілі былай деп мәлімдеді: олардың ұсынысы мен совет делегациясының ұсынысы арасында ешқандай байланыс жоқ. Совет ұсынысы Қытай теңіздері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы мәселе қойып отыр, ал оның беріағында бұл кеме қатынасының принциптерін бұзудың жеке оқиғасы туралы кәзіргі уақытта келіссөздер жүргізіліп жатқанына байланысты бұл мәселені талқыламай күте тұру ұсынылып отыр. Француз үкметінің көптеген оқиғалардың бірі жөнінде чанкайшиліктермен жүргізіліп жатқан келіссөздерінің немен аяқталатынына қарамастан, Қытайдың барлық ашық суларында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы мәселені Бас Ассамблея қарауға тиіс.

Бұл пунктті Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізу туралы совет делегациясының ұсынысын Чехословакияның өкілі қолдады.

Бас комитет көпшілік 9 дауыспен, соның ішінде АҚШ, Англия және Франция делегацияларының дауыстарымен, Совет Одағы ұсынған пунктті сессияның күн тәртібіне енгізу туралы мәселені қарау бірнеше күн кейінге қалдырылсын деген қарар қабылдады. ССРО мен чехословакияның делегациялары бұл ұсынысқа қарсы дауыс берді. Бирманың, Сирияның және Голландияның делегациялары қалыс қады.

Бұдан кейін Бас комитет «қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырғын-жойтын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасасу жайындағы» совет делегациясының ұсынысын Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізу туралы мәселені талқылауға кірісті.

Халықаралық шиеленіс сәл бәсеңдеген кәзіргі жағдайда, деп мәлімдеді Совет Одағының өкілі А. Я. Вышинский, қарусыздандыру, атом, сутегі қаруына және жаппай қырғын-жойтын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде келісімге жетуге мүмкіндік болып отыр. Совет делегациясы бұл пунктті Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізбес пункт ретінде енгізіп, оны шұғыл және маңызды мәселе ретінде бірінші комитетке беруді қажет деп санады.

Бас комитет, ешқандай жақтың қарсылығынсыз совет ұсынысын Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізу Бас Ассамблеяға ұсынылған және бұл мәселені талқылау бірінші (саяси) комитетке берілісін деген қарар қабылдады. Қолданылып отырған ережелер бойынша саяси комитет совет ұсынысын талқылау тәртібі туралы мәселені өзі шешеді.

Англияның, АҚШ-тың және Францияның өкілдері бұл мәселе жөніндегі сөздерінде саяси комитеттің мәжілісінде Совет

Орта Азия мен Қазақстан Республикаларының спартакиадасы

Жарыстың үшінші күні

ТАШКЕНТ, 6 сентябрь. (ҚазТАГ-тың тілшісімен). Жарыстың үшінші күні велосипедшілер бірінші болып шайқасқа шықты. Таңертең ерте әйелдер үшін шоссе үстінде 25 километр қашықтықта жарысуға старт берді. Алғашқы километрде-ақ Луктанова (Қазақстан) алға шықты. Аралықтың төрттен үш жүріп өтілді. Луктанованы оның жерлесі Кислицина қуып жетті. Жекпе-жек шайқас басталды. Орта Азия мен Қазақстанның чемпионы атағын 43 минут 54 секунд уақытта жүріп өткен Кислицина жеңіп алды.

Ерлер үшін старт берілді. Алда — жүз-километрлік жол. Жарысты қазақстандық Цветков бастады. Оның ең хауіпті бәсекелесі Тайчиев (Өзбекстан) шамамен одақ 400 метр қалып қойды. Алайда финишке жақындап қалғанда Цветков сәтсіздікке ұшырады. Ол сәтсіздіктен қутылып жарысқа қосылғанша, Тайчиев 250 метр жол жүрді. Цветков қайтадан машинаға отырды, бірақ машина тағы да сынды. Өзбекстандық жоғары нәтижемен — 2 сағат 33,1 секунд уақытта финиш линиясынан бірінші болып өтті.

Кеше штангашылардың жарысы басталды. Жеңіл салмақ бойынша Ульянов (Қазақстан), И. Петросов (Өзбекстан) бірінші орын алуға бәсекелесті. Барлық қыймыл түрлерінің (қысып, жүлқып, толқытып көтеру) қорытындысында екі спортшы да 292,5 килограмм көтеріп, бірдей нәтижеге жетті. Мұндай жағдайда кімнің салмағы жеңіл болса, жеңіс соған беріледі. Басымдылық Петросов жағында: ол бәсекелесінен 50 грамм жеңіл болып шықты.

Жартылай жеңіл салмақты штангашылар бойынша өзбекстандық Данилин бірінші орынға шықты. Қазақ ССР командасының өкілі Островский үшінші орын алу мен қанағаттануына мәжбүр болды. Жеңіл салмақтылар ішінде үш спорт мастери — Радутный (Қазақстан), Славкин (Түркменстан) және Кузнецов (Өзбекстан) жарысқа түсті. Кузнецов жақсы нәтижеге жетті. Радутный үшінші орынға шықты.

Мыңдаған көрушілер Қазақ ССР-і мен Өзбек ССР-нің футбол командаларының кездесуін қызыға көрді. Ойынның бірінші жартысы нәтижесіз аяқталды. Үзілістен кейін қазақстандықтардың қақпасына 11 метрлік айып добы ұрылды. Есеп 2:0 болып, өзбек футболшыларының пайдасына көшті. Көп ұзамай Путинцев бір доп өткізді. Алайда қазақстандықтардың орта-

лық қорғаушысының қателігі салдарынан біздің республикамыздың командасы тағы да екі рет ойынды ортадан бастауға мәжбүр болды. Кездесудің жалпы есебі 4:2 болып, Өзбек ССР коллективінің пайдасына шешілді. Тәжікстан командасымен ойында, 2:3 есебін алған Қырғызстан футболшылары да жеңіліске ұшырады.

Бұл күні Алматы спортшысы Еременко үлкен табысқа жетті. 400 метрлік финалдық жүгірісте ол жақсы уақытқа — 57,8 секундқа ие болды. Бұл — Қазақ ССР-нің жаңа рекорды. Таяқ арқылы секіруден болған жарыста 4 метр 10 сантиметр биіктікке қойылған планкадан мінсіз өткен өзбекстандық Чубирин жақсы көрсеткішке жетті. Оның жолдасы Чехолин 1500 метрлік аралықты 3 минут 56,4 секундта жүріп өтіп, еліміз бойынша жақсы көрсеткішке жетті. Қазақстандық Гаврилов финишке екінші болып келді.

Таяқпен секіруден және найза лақтырудан спорттың екінші разрядының талаптары орындалмай, қазақстандық спортшылар жеңіл атлетикадан командалық бірінші орын алу мүмкіндігінен айырылып қалды.

Кеше жүзу бойынша жарыс онан әрі жүргізілді. Спорттың бұл түрі бойынша жалпыкомандалық есепте Түркменстан мен Өзбекстанның жүзгіштері бұрынғысынша алда келеді. Биіктіктен суға секіруден Орта Азия мен Қазақстан республикаларының чемпионы атағын спорт мастерлері Есин және Пуйтов алды. Өзбекстан командасының бұл өкілдері суға секіруден болған жарыста өз коллективін бірінші орынға шығарды. Екінші орында — Қазақ ССР командасы.

Қазақстан волейболшылары тағы да жеңіліске ұшырады. Бұл жолы олар Тәжік ССР командасынан 1:0 есебімен ұтылды. Біздің республикамыздың әйелдер жыйнақ командасы волейбол бойынша қырғыз спортшыларының жеңді.

Қазақ ССР баскетболшылары өз коллективіне үш жеңіс әперді. Ерлер командасы Түркменстан баскетболшыларын ұтты, ал әйелдер командасы — Қырғызстан, Түркменстан командаларын жеңді.

Қазақстанның атпен жарысушылары бірінші орын алу кестесінің ең соңынан орын алып, өз мүмкіншіліктерінен төмен ойнауда.

Жарыс әлі жүргізілуде.

Теміржолшылардың жеңісі

Қаладағы «Локомотив» стадионында облыстық кәсіпшілер одағының кубогін алу үшін «Локомотив» — «Пищевик» ержіт спорт қорамдарының командалары финалды ойынға кездесті. Бұл ойын 2:2 есебімен тең аяқталды. Бұдан кейін оларға қосымша тағы да 30 минут уақыт берілді. Бірақ, бұл уақыттың ішінде де нәтиже өзгерген жоқ.

Келесі күні финалға шыққан бұл екі

тіктер инициативаны өздерінің қолдарына алып, қонақтардың қақпасына күшті шабуыл жасады. Қонақтар қорғануға әрекеттенсе де одан ешқандай нәтиже шықпады. Сөйтіп, екі команданың арасындағы футбол жарысы 4:2 есебімен, теміржолшылардың жеңісімен аяқталды.

«Локомотив» ержіт спорт қорамының футболшылары облыстық кәсіпшілер одағының ауыспалы кубогін жеңіп алды.

Франция, Совет Одағы, Бельгия, Италия және Құрама Штаттар арасында келісім жасасу жолымен герман проблемасын бейбітшілікпен реттеу.

—Европаның барлық мемлекеттерінің құрылысы мен әлеуметтік тәртібінің айырмашылығына қарамастан, олардың коллективтік хауіпсіздігі.

—Мұны Совет Одағының Біріккен Ұлттар Ұйымында тағы да ұсынып отырғанындай, жаппай және бақылау қойып қарусыздандыру.

Совет Одағы енгізген ұсыныстар және атап айтқанда, француз-британиялық жоспарды келіссөздердің негізіне алуға оның келісуі халықтардың арасында жаңа үміттер тудырды. Лондон қарарларына қарама-қарсы, бұл ұсыныстар соғыс ауыртпалығын жеңілдетуге, халықаралық жағдайды жақсартуға және бейбітшілікке жол ашып отыр.

Хауіпті қатер қайта тудырылып отырғанда, француз Коммунистік партиясы герман милитаризмін қалпына келтіруге қарсы шығып отырған барлық саяси күштермен және өздерінің жеке бастарымен саяси бағытының қандай екеніне қарамастан, бұл күштердің өкілдерімен бірлесіп, елдің ішінде, сондай-ақ парламентте күрес жүргізуге өзінің әзір екенін тағы да мәлімдейді. Коммунистер — екінің екісі — қандай формада болса да қайта тудырылуына жол бермеу үшін барлық жерлерде — заводтарда, қалалардың кварталдарында, деревняларда жұмысшы табының және атап айтқанда, еңбекші коммунистер мен социалистердің бірлескен қоймылын ұлғайту үшін күреседі.

ФИНЛЯНДИЯНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

ХЕЛЬСИНКИ, 6 октябрь. (СОТА). Кеше партияның X съезінде сайланған Финляндия Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің пленумы болып өтті. Пленум Финляндия Коммунистік партиясының бас секретары өтіп Вилле Пессиді және партияның председателі өтіп Аймо Аалто-ненді сайлады. Партияның вице-председателдігіне Ирве Мурто сайланды.

Пленум сайлаған саяси бюросының құрамына мыналар кірді: Аймо Аалтонен, Аарне Хулкконен, Паави Коскинен, Херта Буусинен, Инкери Лехтинен, Мартти Мальмберг, Ирве Мурто, Айли Мякинен, Вилле Песси және Маури Рюэмя.

ИНДОНЕЗИЯДАН ГОМИНДАНДЫҚТАРДЫ ҚУУ

ДЖАКАРТА, 7 октябрь. (СОТА). Баспа сөздердің хабарына қарағанда, Индонезияның өкімет орындары Индонезиядағы гоминдандық агенттердің әрекетіне қарсы шараларды жүзеге асыруда. Юстиция министрлігі Джакартада чанкайшилік топтардың шайдасына белсенділіктерін өрістете түскен гоминдандық одақтардың бір топ басшыларын Индонезиядан қууға қарар қабылдаған.

қырып жолатып қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы Совет Одағының ұсыныстарын өз делегациясының зор ынта қойып тыңдағанын мәлімдейді. Біздің делегациямыз, деп мәлімдейді ол, сонымен

ШВЕД ГАЗЕТІ БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ СОҒЫС ДАЙЫНДЫҚТАРЫ ЖАЙЫНДА

СТОКГОЛЬМ, 7 октябрь. (СОТА). Бонның «Свенска дагбладет» газеті тілшісінің хабарына қарағанда, Бонн кекшілері Лондон кеңесінен кейін қарулы күштерді ұлғайтуға дайындалуда өздерінің әрекеттерін өрістеткен.

Бонн топтарында армияны құру және командалық орындарға кандидатуралар жөніндегі мәселелер талқылануда. Болашақ герман армиясына қару-жарақ жеткілікті, деп атап көрсетеді тілші, ол Франциядағы және Батыс Германиядағы американдық соғыс қоймаларында сақталуда.

Тілшінің сөзіне қарағанда, жүз мың «еріктілер» деп аталатынның 80 проценті гитлерлік армияның бұрынғы солдаттары.

БАТЫС АВСТРИЯДАҒЫ АМЕРИКАН СОҒЫС ҚҰРЫЛЫСТАРЫ

ВЕНА, 7 октябрь. (СОТА). Американың оккупациялық өкімет орындары Батыс Австрияда соғыс құрылыстарын кеңінен жүргізуде.

«Эстеррейхшпер фольксвирт» журналының хабарынан көрініп отырғанындай, американдықтар 1951 жылдан бері Засбургте және Жоғарғы Австрияда соғыс объектілерін салу үшін 400 миллион шиллинг жұмсаған. Бұл уақыт ішінде американдық оккупациялық аймаққа жалпы көлемі 240 мың шаршы метрлік казарма салынған. Бұдан басқа, американдық аймақта аэродромдарды кеңейту және модернизациялау жөнінде үлкен жұмыстар істелген.

ЛОНДОН ПОРТЫНЫҢ ДОКЕРЛЕРІ МЕН КЕМЕ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

ЛОНДОН, 7 октябрь. (СОТА). Лондон портының жұмысшылары өздерінің праволары үшін қажырлы күрес жүргізуде. Ассоциэйшн Пресс агенттігінің хабарына қарағанда кеше ереуіл жасаушылардың саны 20 мың адамға жеткен. 12 мың жүк тиеушінің ереуілі салдарынан портта кеме тұрып қалған. Лондон кеме жөндеу верфінің 8 мың жұмысшысы 4 аптадан бері ереуіл жасап келеді. Жұмысшылар өздерінің 5 жолдастарының заңсыз жұмыстан шығарылуына қарсы наразылық білдіруде.

УРУГВАЙДА БАҒАНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫ

МОНТЕВИДЕО, 7 октябрь. (СОТА). Уругвайда бағаның жылдам өсуі барған сайын кең етек алуда. «Хустисиа» газетінің хабарына қарағанда, 1944 жылдан осы уақыт аралығында Уругвай семьяларының күн көрісі минимумы 4,5 есе артқан. «Елде күнкөріс бағамы, деп атап көрсетеді «Эль националь» газеті, күн асқын сайын қымбаттап барады.

мен АҚШ-тың өкілдері қосады. Францианың өкілі Ошпенно былай деп мәлімдейді: Совет делегациясының бұл мәселені Ассамблеяның күн тәртібіне енгізуі туралы ұсынысы әбден заңды, бірақ, оның ішкі

ИНДИЯҒА АМЕРИКАНЫҢ ҚЫСЫМЫ

ДЕЛИ, 7 октябрь. (СОТА). «Хиндустан таймс» газеті былай деп хабарлайды: Индияға экономикалық және техникалық «көмектер» көрсетудің жаңа американдық жоспары өткен жылға қарағанда «өлде қайда қатаң шарттар» қарастырған.

Газет былай деп атап көрсетеді: АҚШ үкіметі бұл «көмектердің» мынадай шарттарын ұсынған: кәсіпорын жабдықтары, егер оны пайдалану үшін тек қана американдық мамандар шақырылғанда ғана берілетін болады. «Қазіргі кезеңде, — деп жазады газет, — Индия мұндай сандағы американдық мамандары әкелуге тиіс.

ИНДОНЕЗИЯДА ГОЛЛАНДЫҚТАРДЫ ТҮТҚЫНДАУ

ДЖАКАРТА, (СОТА). Газеттер былай деп хабарлайды: кеше Джакартада голландықтардың үлкен тобы тұтқынға алынған, олардың көпшілігі, хабарда кө-

рсетілгенінше, ұлыбас бұра комитетінің күн тәртібіне қазірдің өзінде қойылып отырған қарусыздану жөніндегі комиссияның баяндамасымен бірге талқылау керек деген пікір айтты.

техникалық экспорттарға мұқтаж болып отырған жоқ. АҚШ ұсынып отырған шарттар, шын мәнісінде, Индияға оған қажет не, жоқ па, ол жағдайға қарамастан, көп ақы алатын мамандарды тану болып отыр».

Газет онан әрі былай деп жазады: Индияның зақаз берілген жабдықтардың осы күнге дейін келмегендігі үшін арыз айтуға дәлелі бар. Екіншіден, алдағы жылды келтіріледі деп шешілген белгілі мөлшердегі жабдықтар келмейді, өйткені осы уақыттан бастап, барлық жабдықтарды

інін отырғанындай голландиялық отарлық армияның «Даруль-Ислам» террорлық ұйымымен байланысты болған бұрынғы офицерлері.

бірінші жартысында «Пищевик» ерікті спорт қоғамының футболшылары шабуылға шықты. Ал, теміржолшылар қорғаныста болып, оларға үнемі тойтарыс берумен болды.

Ойынның екінші бөлімінде локомотив-

бөлі. (Команда бұдан бұрын қалалық физкультура және спорт комитетінің кубогін жеңіп алған болатын).

В. ЕКИМОВ, қалалық физкультура және спорт комитетінің нұсқаушысы.

Дәстүрлі эстафета

Қаланың көшелерінде, БЛЖО-ның 36 жылдығына арналған дәстүрлі эстафета болып өтті. Эстафета 8 этаптан тұрады, оның жалпы ұзындығы 5 километр 700 метрге созылады. Эстафетаға ерікті спорт қоғамдарының және оқу орындарының мектептердің 19 командасы қатысты.

Бесінші этапта № 44 орта мектептің командасы жүгіру қарқынын еселеп арттырып, қашықтықты 15—20 метрге дейін азайтты. Алтыншы этапта № 44 орта мектептің спортшысы В. Колусенко мұғалімдер институты командасының спортшысынан озып кетті. № 44 орта мектептің командасы 15 минут 41 секундта бірінші болып финишке келді. Сөйтіп команда өткен жылғы эстафетаның уақытын 1 секундта жақсартты. Ал, мұға-

лімдер институтының командасы финишке 15 минут 47 секундта келді.

Эстафетада бірінші орынға ие болған № 44 орта мектептің командасына БЛЖО қалалық комитетінің ауыспалы жүлдесі мен қалалық физкультура және спорт комитетінің бірінші дәрежелі дипломы тапсырылды (Бұл команда 4 жыл бойы үбей қалалық комсомол комитетінің жүлдесін жеңіп алып келеді). Ал, эстафетада екінші болып келген мұғалімдер институтының командасы қалалық физкультура және спорт комитетінің екінші дәрежелі дипломдарымен наградталды.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Жолдас!
Сен,
ЛЕНИН ТУЫ
газетіне жазылдың ба?

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

1 айға	— 4 сом 35 т.
3 айға	— 13 сом 05 т.
6 айға	— 26 сом 10 т.
1 жылға	— 52 сом 20 т.

Бір жылға тұтас жазылдың ба!

Киноларда

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Бірінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Екінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Зооветснаб» қоймада мүліктердің жылдық есебін алу ісінің жүргізілуіне байланысты осы жылғы 20 октябрьден 5 ноябрьге дейін ешқандай зоотехникалық, малдәрігерлік товарлар босатылмайтындығын МТС, совхоз, аудан, колхоз және лабораториялардың малдәрігерлік-зоотехникалық қызметкерлерінің есіне салады.

Қарагер бие жоғалды. Сол жақ аяғы шашасына дейін ақ. Көрген білгендер болса Петропавл элеваторына хабарлаулары сұралады. Телефон 1-84.

Петропавл қаласы, Киров көшесі, 177-үйде тұрушы Хасанбай Сейіпқоз, Октябрь көшесі, 47-үйде тұрушы Заһира Сейіпқовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

Облыстық «Сельхозснаб» басқармасына экономист-финансист, минералдық тыңайтқыш және у химикаттары жөніндегі агрономдар, бас бухгалтердің орынбасары, аға бухгалтер, жүк тиеушілер және шоферлар КЕРЕК.

Адрес: Пролетар көшесі, 103-үй.

Петропавлдың «Строитель» артелінің кірпіш заводы қала және ауыл-село еңбекшілеріне күйдірілген кірпіш сағайды. Кірпішті Есіл өзенінің арғы жағындағы кірпіш заводына барып алуға болады.

Петропавл қаласы, Жол қатынас министрлігінің № 111 үйінде, 2-пәтерде тұрушы Валентина Михайловна Маслакова Владимир Константинович Маслаковтан айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат—1-33, партия және насихат бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы—5-53, газет табыс егілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.